

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Г. НАРБАЕВА, А. АРАЛОВА

**КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕГІ
ЕСЕП ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛУ**

Оқу құралы
2-бөлім

**УЧЕТ И НАЛОГООБЛОЖЕНИЕ
В ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

Учебное пособие
2 том

Алматы, 2020

*Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің
Оқу Кеңесімен ұсынылған*

Пікір бергендер:

- Сапарова Г.К.** – «Қаржы академиясы» АҚ «Экономика және менеджмент» кафедрасының профессоры, экономика ғылымдарының докторы
- Шуленбаева Ф. А.** – С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Экономика» кафедрасының профессоры, экономика ғылымдарының докторы
- Ахметова Д. Т.** – С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Есеп және аудит» кафедрасының доценті, экономика ғылымдарының кандидаты

Нарбаева Г., Аралова А.

- Н 28 Кәсіпкерлік қызметтегі есеп және салық салу – Учет и налогообложение в предпринимательской деятельности:** оқу құралы. 2-бөлім / Г.Нарбаева., А.Аралова. – Алматы: «Бастау», 2020. – 228 бет.

ISBN 978-601-7991-37-1 (2-бөлім)

ISBN 978-601-7991-35-7 (жалпы)

Құрметті оқырман! Сіздердің назарларыңызға қазіргі таңдағы кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру, есеп беру және салық салу сұрақтары қазақ және орыс тілдерінде қарастырылған оқу құралы ұсынылады. Ұсынылатын оқу құралында Қазақстанда ең жиі кездесетін кәсіпкерліктің ұйымдық-құқықтық нысандары мен түрлері, АҚШ, Ұлыбритания және Германия елдерінің салық салу жүйелері, әлем елдерінде табыс салығын төлеу ерекшеліктері қарастырылған. Шетелдерде әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдау тәжірибесі, Қазақстандағы әлеуметтік және әйелдер кәсіпкерлігін дамыту тәжірибесі, әлеуметтік салада қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу ерекшеліктері зерттелген.

Ұсынылатын оқу құралының авторлары материалды менгеру барысында білім алушылардың білім деңгейін, дағдыларын дамытуға бағытталған белсенді білім беру әдістерінің бірін – тренингтерді қолданыса алуды ұсынады.

Бұл оқу құралы оқытушылар мен студенттерге, сондай-ақ кәсіпкерлерге арналған.

Уважаемый читатель! Вашему вниманию предлагается учебное пособие, впервые объединяющее в себе вопросы организации предпринимательской деятельности, учета и налогообложения. В данном пособии раскрыто содержание наиболее часто встречающихся организационно-правовых форм и видов предпринимательской деятельности в Казахстане, а именно актуальные в настоящее время социальное и женское предпринимательство, рассмотрены системы налогообложения США, Великобритании и Германии, особенности уплаты подоходного налога в странах мира. Изучены практика поддержки социальных предпринимателей за рубежом, опыт развития социального и женского предпринимательства в Казахстане, особенности налогообложения организаций, осуществляющих деятельность в социальной сфере.

Вашему вниманию предложены тренинговые занятия, по изучению вопросов реализации социально-значимых проектов и тестовые задания.

Предназначено для преподавателей и студентов учебных заведений обучающихся по экономическим специальностям, а также для предпринимателей.

ӘОЖ 334:336
КБЖ 65.290-93

ISBN 978-601-7991-37-1 (2-бөлім)

ISBN 978-601-7991-35-7 (жалпы)

© Нарбаева Г., Аралова А., 2020
© «Бастау», 2020

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Алғы сөз	6
Предисловие	114
Тарау I Экономикасы дамыған елдердің заманауи салық салу жүйелері.....	7
Глава I Современные системы налогообложения экономически развитых стран	115
1.1 АҚШ, Ұлыбритания және Германияның салық салу жүйелері.....	7
1.1 Системы налогообложения США, Великобритании и Германии	115
1.2 Әлем елдеріндегі табыс салығының деңгейі.....	23
1.2 Уровень подоходного налога в странах мира.....	131
Тарау II Қазақстандағы әлеуметтік және әйелдер кәсіпкерлігінің даму тәжірибесі.....	28
Глава II Опыт развития социального и женского предпринимательства в Казахстане	137
2.1 Әлеуметтік кәсіпкерліктің мәні.....	28
2.1 Сущность социального предпринимательства.....	137
2.2 Шетелде әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдау тәжірибесі.....	31
2.2 Практика поддержки социальных предпринимателей за рубежом	140
2.3 Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту тәжірибесі.....	38
2.3 Опыт развития социального предпринимательства в Казахстане	148
2.4 Әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу	46
2.4 Налогообложение организаций, осуществляющих деятельность в социальной сфере	156
2.5 Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің даму ерекшеліктері.....	57
2.5 Особенности развития женского предпринимательства в Республике Казахстане	167
Тренинг. Әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру.....	68
Тренинговые занятия. Реализация социально-значимых проектов.....	178

Тренинг. Жобалық менеджмент	74
Тренинговые занятия. Проектный менеджмент	184
Тест тапсырмалары	78
Тестовые задания.....	188
Глоссарий.....	84
Глоссарий.....	194
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	104
Список использованных источников.....	217
Қосымшалар.....	107
Приложения.....	220

**КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕГІ
ЕСЕП ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛУ**

АЛҒЫ СӨЗ

Кәсіпкерлікті дамыту қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығын арттырудың стратегиялық қажеттілігі болып табылады. Ол барлық деңгейдегі бюджеттер үшін салық салу базасын ұлғайтуға, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге, нарықты инвестициялық ресурстармен толықтыруға ықпал етеді. Бизнестің жоғары икемділігі мен ел нарығының барлық салаларын қамту экономиканың дамуының тұрақтылығын қамтамасыз етеді және саяси климаттың тұрақтылығына ықпал етеді. Кәсіпкерлік сектордың кең және қуатты дамуы, халықтың қандай да бір қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға, адамдардың өмір сүру деңгейінің өсуіне ықпал етеді.

Қазіргі жағдайда кәсіпкерлік ойды қалыптастыру білікті мамандарды даярлаудың міндетті шарттарының бірі болып табылады. Оқу құралы екі бөлімнен тұрады. Оқу құралының бірінші бөлімінде Қазақстанда жиі кездесетін ұйымдық-құқықтық нысандары мен кәсіпкерлік қызмет түрлерінің мазмұны ашылған. Салық режимін таңдау, арнайы салық режимін таңдаудағы шектеулер, жеке табыс салығын төлеу көздері, зейнетақы жарналарын есептеу сұрақтары қарастырылып, салық төлеуден босатылған және салық ставкасын төмендетуге құқығы бар кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне назар аударылған.

Оқу құралының екінші бөлімінде АҚШ, Ұлыбритания және Германия елдерінің салық салу жүйелері, әлем елдерінде табыс салығын төлеу ерекшеліктері қарастырылған. Шетелдерде әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдау тәжірибесі, Қазақстандағы әлеуметтік және әйелдер кәсіпкерлігін дамыту тәжірибесі, әлеуметтік салада қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу ерекшеліктері зерделенеді.

Сіздердің назарларыңызға әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асыру мәселелерін зерттеу бойынша тренингтік сабақтар мен тест тапсырмалары ұсынылды.

Бұл оқу құралы оқытушылар мен студенттерге, сондай-ақ кәсіпкерлерге арналған.

ТАРАУ 1. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМЫҒАН ЕЛДЕРДІҢ ЗАМАНАУИ САЛЫҚ САЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ

1.1 АҚШ, Ұлыбритания және Германияның салық салу жүйелері

1.2 Әлем елдеріндегі табыс салығының деңгейі

1.1 АҚШ, Ұлыбритания және Германияның салық салу жүйелері

АҚШ салық жүйесі.

АҚШ – экономиканың либералды моделіне бағдарланған және федеративтік мемлекет болып табылатын ел. АҚШ-ның салық жүйесі ең дамыған салық салу жүйелерінің бірі болып саналады. Мұнда үш деңгейлі салық жүйесі қолданылады: федералдық салықтар, штаттық салықтар, жергілікті салықтар.

АҚШ Қаржы Министрлігінің ең ірі құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Ішкі кірістер қызметі (*Internal Revenue Service, IRS*) Құрама Штаттарда салықтарды әкімшілендірумен айналысатын орган болып табылады. (сайты – <https://www.irs.gov/>). АҚШ салық жүйесінің құрамы мен құрылымының ерекшелігі тікелей салық салудың барлық түрлерін пайдалану ауқымымен айқындалады.

Федералдық бюджет кірістерінің негізгі бөлігін халықтан алынатын табыс салығы (income tax) құрайды, оның субъектілері заңды тұлға мәртебесі жоқ жеке тұлғалар, жеке кәсіпорындар және серіктестіктер болып табылады [21].

Есептеу 3 кезеңде орындалады:

- ең алдымен жалпы түсетін кірістер: еңбек ақы, аннуитет, зейнетақы, алимент, бағалы қағаздар бойынша кірістер, сыйақылар, бонустар, рента және роялти, фермерлік кіріс, әлеуметтік жәрдемақы және жұмыссыздық бойынша жәрдемақы, стипендия, траст операциялары мен жылжымайтын мүліктен түскен кірістер және т.б. табыс есептеледі.
- жалпы кіріс рұқсат етілген шығындар мен жеңілдіктерді шегеру есебімен түзетіледі. Оларға сауда немесе өндірістік шығындар, бағалы қағаздарды сатудан немесе айырбастау операцияларынан болған шығындар, тұлғалардың зейнетақы жарналары, төленген алименттер, аванстық салық жарналары және т.б. жатады.

- түзетілген жалпы кіріс сомасынан жіктелген немесе стандартты шегерімдер алынып тасталады. Алынған шама салық салына-тын табыс болып табылады. Негізгі шегерімдерге мыналар жа-тады: салық төлеушінің әрбір асырауындағы адамға салық са-лынбайтын минимум; стандартты жеңілдіктер, 65 жастан асқан адамдар мен мүгедектер үшін қосымша жеңілдіктер; біліктілігін арттыруға байланысты жаңа тұрғылықты жерге көшу жөніндегі шығыстар; іссапар, қайырымдылық жарналар және т.б. Көрсетілген шегерімдер түзетілген жалпы табыстан 50% аспай-тын мөлшерде жүргізілуі мүмкін, ал қалған 25% 5 жыл ішінде табыстардан шегерілуі мүмкін.

Табыс салығы жүйесіндегі салықтың маңызды түрлерінің бірі – **корпорациялардың пайдасына салынатын салық (corporation income tax)**. Осы салықтың шамасы 1980-1990 жж. белгілі салық реформаларының нәтижесінде елеулі өзгерістерге ұшырады

АҚШ-да корпорацияларға салық салудың басты принципі салық салудың соңғы объектісі ретінде таза пайдадан салық алу болып табылады. Бұл салықты төлеушілер ең алдымен акционерлік компа-ниялар болып табылады. Шамамен 85% салық федералды деңгейде, ал 15% – штаттар мен жергілікті билік органдарымен алынады.

Салық салу объектісі 3 кезеңде айқындалады:

- сатудан түскен жалпы түсімнен және барлық қайта сатудан тыс кірістер мен шығыстардан тұратын компанияның жалпы кірісі анықталады;
- жалпы кірістен мыналар шегеріліп тасталады: қызметкерлердің жалақысы, жөндеуге шығыстар, үмітсіз қарыздар, ренталық төлемдер, төленген жергілікті және штаттық салықтар, аморти-зация, несие үшін пайыздар, жарнамаға шығыстар, зейнетақы қорларына жарналар, дүлей апаттардан болған шығындар, қайырымдылық жарналар, операциялық шығындар, ҒЗТКЖ шығыстары, күрделі жөндеуге арналған шығыстар және т.б. Салық заңнамасында корпорация салығын айқындау кезінде өндіріс шығындарына қосуға болатын барлық шығыстар мұқият ескертіледі. Осы заңдардың негізінде жатқан халықаралық стан-дарттар жеткілікті либералды сипатқа ие. Әдетте, жеке тізбеге компанияның ағымдағы өндірістік-коммерциялық қызметіне байланысты барлық шығындарын қосуға рұқсат етіледі. Шекте-улер елеусіз және негізінен «шамадан тыс» өкілдік шығыстарды шығындарға енгізуге тыйым салынады;

- жалпы кірістен шығындарды, қосымша шығыстарды және төленген салықтарды шегергеннен кейін одан салық салынатын пайданы азайтуға тікелей бағытталған жеңілдіктерді шегереді. Қорытынды кезеңде дивидендтер төлеуге жіберілетін пайданың бір бөлігін қос салық салу мәселелерін жоюға байланысты пайдаланады.

Салық жеңілдіктері.

Дамыған елдердің салық жүйесі салықтарды бизнесті қолдау және ынталандыру құралы ретінде пайдаланады. Осы мақсатта кәсіпкерлер үшін белгілі бір жеңілдіктер бар. Маңызды жеңілдіктер: жедел амортизация, инвестициялық салық несиесі және «жер қойнауының сарқылуы» жеңілдігі болып табылады.

АҚШ-да фермерлік шаруашылықтардың үлкен жеңілдіктері бар, олардың әрқайсысы бірқатар жағдайларда (әсіресе құрғақшылық жылдары) салық базасын нөлге теңестіреді.

«Фермерлік» жеңілдіктерден кейін шағын инновациялық бизнеске қаражат салатын жеке инвесторларды жеңілдікті салық салу мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Осылайша, табыс салығының ставкалары 28, 31, 36 және 39,6% мөлшерінде белгіленген тұлғалар үшін капитал өсімінің нақты салық ставкасы 14% деңгейінде болады. Қарапайым ставкасы 15%-ға тең инвесторлар үшін нақты көлемі 7,5%-ды құрайды.

Сатылы салық салу орта және шағын кәсіпорындар үшін өте маңызды. Әлеуметтік сақтандыруға арналған жарналардан (***social insurance tax***) түсетін түсімдермен қамтамасыз етілетін табыстардың өсу үрдісі байқалады. Жалдамалы қызметкерлер мен жұмыс берушілер үшін құрамдастырылған мөлшерлеме 15,3% құрайды. Жеке тұлғалар мұралар мен сыйлықтардан алынатын салықтарды (***inheritance and gift taxes***) 18-ден 55%-ға дейінгі ставка бойынша төлейді (егер мүліктің құны \$600 мыңнан асатын болса). Федералдық салық түсімдерінің жалпы көлеміндегі олардың үлесі жоғары емес (12%) және осы салықтың жергілікті деңгейде маңыздылығын арттыру есебінен төмендеуге тенденциясы бар.

АҚШ-тың 50 штатының салық кірістерінің құрылымы федералдық деңгейде төленетін салықтардан айтарлықтай ерекшеленеді. Жалпы алғанда, меншікті түсімдер жалпы табыстың шамамен 80%-ын құрайды, қалған 20% – федералдық субсидиялар (гранттар). Сатудан түскен салық түсімдерінің жалпы көлеміндегі үлесі (***sales tax***) 30-40%-ға жетеді. Оны салу объектісі тауарлар мен қызметтердің құны болып

табылады. Салық ставкалары штаттармен белгіленеді және 48% диапазонында өзгереді. Халықтан алынатын табыс салығы 44 штатта, қалған штаттарда ол жергілікті өзін-өзі басқару органдарына «ауысады». Салық ставкалары 2-ден 10%-ға дейінгі диапазонда өзгереді. Унификациялау және пайдалану ыңғайлылығы мақсатында көптеген штаттар өз ставкаларын базалық федералды салықтан белгілі бір пайыз ретінде есептейді. Оларда өздерінің салық декларациясының нысаны бар, ал штаттың төленген салық сомасы федералдық салық бойынша салық салу субъектілерінің міндеттемелерін айқындау кезінде шегеріледі. Декларация 1 қаңтардан 15 сәуір дейін өткізілуі тиіс.

Штаттармен қатар АҚШ-да әкімшілік құрылымдар ретінде жергілікті билік органдарының юрисдикциясына жататын 85 мыңға жуық аудан бар. Барлық Штаттар графстволарға бөлінген, оларда шамамен 20 мың муниципалитет бар. Графстволарда, муниципалитеттерде, тауншиптерде (ерекше аумақтық құрылымдар) жалпы мақсаттағы үкімет болып табылатын және осы аумақ шегінде өз қызметтерін ұсынатын өзін-өзі басқару органдары бар. Әрбір өзін-өзі басқару органы өз бюджетін қалыптастыра алады, салық енгізе алады және оған түсімдерді қамтамасыз ету бойынша түрлі іс-қимылдарды іске асыра алады.

Корпорациялардың пайдасына салық.

Бұл акционерлік қоғамдардың табысына салынатын салық түрі. Бұл салық Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін кең таралған. Салық салуға объектісі болып таза пайда, яғни рұқсат етілген шегерімдер мен салық жеңілдіктері сомасына азайтылған жалпы пайда табылады. Салық прогрессивті болып табылады және сатылы алынады. Бұл табысы жоғары емес шағын және орта кәсіпорындар үшін үлкен маңызға ие. Фирма алғашқы салық салынатын кірістің 50 мың АҚШ долл. үшін 15%, кейінгі 25 мың АҚШ долл. үшін 25%, келесі 25 мың АҚШ долл. үшін 34%, келесі 235 мың үшін 39% АҚШ долл. салық ставкасын төлейді. Кіріс 335 мың АҚШ долл. асып кеткен кезде фирма төлейтін салық ставкасы 34% құрайды.

Салықтық кредиттер жүйесі.

Салық несиелері жүйесі бизнеске кең таралған жеңілдіктердің бірі болып табылады. Бұл терминмен салық базасын айқындау кезінде рұқсат етілген шегерімдер мен ерекшеліктерге қарағанда есептелген салық сомасынан тікелей жүргізілетін шегерімдер белгіленеді. Инвестициялық несиенің үш бөлігі бар: тұрақты салық несиесі (жеке

салымдарды ынталандырады), ескі ғимараттарды қалпына келтіруге инвестициялық салық несиесі және энергетикалық салық несиесі. Тәжірибе көрсеткендей, оны жою инвестициялар көлемін мен бәсекеге қабілеттілікті төмендетеді, нәтижесінде экономикалық өсу қарқыны баяулайды.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өз иелігінде көп жағдайларда штаттардың салықтарымен бірдей салық көздерінің салыстырмалы шектеулі саны бар. Жергілікті салықтар арасында мүліктік салықтың маңызы жоғары. Салық меншікке ие жеке және заңды тұлғалардан жылына бір рет алынады. Бұл салықты айқындау үшін негіз болып меншіктің бағалау құны табылады. Штаттардың жартысында осы аттас штаттық салыққа қосымша сатулардан жергілікті салық алынады. Бұл салықтан түскен табыстар штатта жиналады, содан кейін олар алынған аумақтағы жергілікті өзін-өзі басқару органына қайтарылады.

Жанама салықтар АҚШ-да тікелей салықпен салыстырғанда айтарлықтай аз үлесті алады. Жанама салықтардың арасында сату салығы және акциздерге артықшылық беріледі. Акциздер белгілі бір тауарларға енгізіледі. Федералдық деңгейде – алкогольді ішімдіктерге, темекі өнімдеріне, телефонмен сөйлесулерге, авиабилеттерге және т.б. АҚШ-тағы ҚКС-ты қолданбайды, бірақ еуропалық мемлекеттерде ол мемлекет табысының негізгі көзі болып табылады [21].

1-кесте

АҚШ-дағы салық түсімдерінің құрылымы, %

Салық салу деңгейі	Жеке тұлғалардан табыс салығы	Корпорацияларға салынатын салық	Әлеуметтік сақтандыру	Акциздер	Мүлік салығы	Басқа	Барлығы
Федералдық	50	6	34	8	—	2	100
Штаттық	21	6	27	37	1	8	100
Жергілікті	4	1	6	14	71	4	100
Барлық деңгейде	37	6	27	15	10	5	100

Жеке табыс салығы.

Федералдық бюджеттің ең үлкен табыс көзі. Ол жеке бизнес табысын қоса алғанда, халықтың жеке кірісінен алынады. Табыс салығы салық салынбайтын минимум мен белгілі бір жеңілдіктердің, сондай-ақ әртүрлі жеке шығыстардың (мысалы, көліктік шығындар, қайырымдылық қорына жарналар, балаларды күту бойынша шығыстар, белгілі бір шектерде медициналық қызмет көрсетуге арналған шығыстар және т.б.) болуын көздейді. Салық ставкалары прогрессивті, Клинтон реформасынан кейін олар отбасылық жұп үшін: кірістері 36,9 мың АҚШ долл. дейін – 15%; 36,9-89,2 мың АҚШ долл. – 28%; 89,2-140 мың АҚШ долл. – 31%; 140-250 мың АҚШ долл. – 36%; 250 мың АҚШ долларынан астам – 39,6% құрайды.

Сондай ақ, табыс салығы штаттардың барлығынан алынады және экономикалық жағдайға әсер ету әдісі ретінде қанша пайдаланылса да фискалдық бағыттылыққа ие емес екенін көрсетуде. Барлық штаттарда жеке және заңды тұлғалар төлейтін мүлік салығы алынады. Салық ставкалары 0,5-тен 5%-ға дейінгі мөлшерде алынады. Бұдан басқа, штаттар мұраға салық, барлық мүмкін акциздер, капиталға салық және лицензиялық алымдар алады, ал жұмыс берушілер жұмыссыздық бойынша жәрдемақы төлеуге міндетті аударымдар жүргізеді.

Ұлыбританияның салық жүйесі.

Ұлыбританияның салық салу жүйесі басқа елдерден бірқатар айырмашылықтарға ие, оның арқасында тұманды Альбион көбінесе «салық айлағы» деп аталады. Мұнда табыс салығы салыстырмалы түрде жоғары емес және тек Ұлыбритания аумағында алынған табысқа қатысты. Мәселен, Ресей Федерациясы мен Біріккен Корольдіктің арасында қосарланған салық салудың жоқтығы туралы Конвенция әрекет етеді: егер салық Ресейде төленген болса, онда ақша қаражаты Ұлыбританияға еркін әкелінуі мүмкін, екінші рет салық төлеу қажеттілігі жоқ. Бұл елге капиталдың үлкен ағынын тартады. Ұлыбританияда салық жылы 6 сәуірде басталып, келесі жылдың 5 сәуірінде аяқталады.

2015 жылдан бастап Ұлыбританияның салық салу жүйесі бірқатар өзгерістерге ұшырады, капитал өсіміне салынатын салықты бұрын ел азаматтары ғана төлесе, қазіргі жайдайда резидент емес тұлғаларда салық төлеуі тиіс болды. Сондай-ақ, 2015 жылдың 1 сәуірінен бастап құны £2 млн-нан жоғары жылжымайтын мүлік үшін капитал өсіміне салықты есептеу тәртібі өзгерді: енді бұл бұрынғыдай тіркелген

тұрақты мөлшерлеме емес, 12%-ға жетуі мүмкін үдемелі мөлшерлеме. Сарапшылардың айтуы бойынша, бұл жаңалық инвесторларлардың осы елде тұруына немесе жылжымайтын мүлік сатып алуға ниетінің төмендемеуін белгілейді.

Ұлыбритания салықтарының түрлері.

Жалпы мемлекеттік: ***тікелей салықтар (Direct taxes)*** – жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы, корпоративтік табыс салығы, капиталдың өсуіне салық, мұнайдан алынатын табыс салығы, мұраға салынатын салық; сондай-ақ, ***жанама салықтар (Indirect taxes)*** – қосылған құн салығы, баждар мен акциздер, елтаңбалық алымдар. ***Жергілікті:*** мүлік салығы.

Табыс салығы (Income tax) – Ұлыбританиядағы негізгі салық болып табылады. Ол жеке тұлғаның табысы негізінде есептеледі және прогрессивті болып табылады. Табыс жоғарлаған сайын – салық ставкасы да жоғары. Мысалы, £34 370-тен төмен табысқа, салық мөлшерлемесі – 20%, £42 475-тен аспайтын табысқа – 40% салық салынады. Бұрын табыс салығы осы шектен асатын сомаларға 50%-ды құраған. 2013-2014 жылдары бұл мөлшерлеме 45%-ға дейін төмендеді. Салық салынбайтын табыс сомасы бүгінгі күні £9205 құрайды.

Ұлттық сақтандыру бойынша жарналарды (***National insurance contributions***) салық төлеушілердің өздері де, жұмыс берушілер де төлейді. Төлем сомасы кіріс сомасынан 9%-дан 13,8%-ға дейін ауытқиды.

Қосылған құн салығы (Value Added Tax, VAT) бүгінгі күні Ұлыбританияда 20% құрайды.

Капитал өсіміне салынатын салық.

Капиталдың өсімі – бұл ***«күрделі активтерді»***, яғни жылжымайтын мүлікті, бағалы қағаздарды, франшизаларды, гудвиллды (компанияның іскерлік беделі) сатудан түскен пайда және т.б. Салық сомасы актив меншігінде болған уақыт кезеңін, сондай-ақ салық төлеушінің кіріс деңгейін ескере отырып есептеледі. 2015 жылдың сәуір айынан бастап күрделі активтермен жасалған мәмілелерден түсетін кірістердің салық салынбайтын жылдық минимумы Ұлыбританияда £11 000 құрайды.

Жылжымайтын мүлікке салынатын салықтар.

Мемлекетке елтаңбалық алым (Stamp duty) Ұлыбританияда жылжымайтын мүлікті немесе жер телімдерін сатып алу кезінде елдің резиденттерімен де, резидент еместерімен де мәміле жасау сәтінде дара

төлөнеді және мәміле сомасына байланысты болады. Жеке тұлғалар үшін елтаңбалық алым сомасы £125 000 асатын мәмілеге салынады.

2014 жылғы 4 желтоқсаннан бастап елтаңбалық алым прогрессивті шкала бойынша есептеледі: оның сомасы жылжымайтын мүлік құны мен ставканың белгіленген шегі арасындағы айырмаға байланысты (бұрын барлық меншікке бірыңғай ставка бойынша елтаңбалық алым салынды). Егер сатып алушы сатып алу-сату шартына 2014 жылғы 3 желтоқсанға дейін қол қойса, ескі немесе жаңа тарифтер бойынша елтаңбалық алымды есептеу тәртібін таңдауға құқылы.

Ұлыбританиядағы жеке тұлғалар үшін елтаңбалық алым ставкалары:

- жылжымайтын мүлік бірінші £125 000 құнынан 0%;
- келесі £125 000 – 2%;
- келесі £675 000 – 5%;
- келесі £575 000 – 10%;
- құнының қалған бөлігіне 12% (£1,5 млн астам).

Мысалы, құны £ 275 000 жылжымайтын мүлікті сатып алу кезінде елтаңбалық алым £3750 құрайды немесе:

- бірінші £125 000£ бастап – 0%;
- келесі £125 000 – £2500;
- қалған £25 000 – £1250.

Заңды тұлғалар үшін құны £500 000 асатын жылжымайтын мүлікпен жасалған мәмілелер кезінде елтаңбалық алым ставкасы 15%-ды құрайды.

Сарапшылардың айтуынша, қымбат жылжымайтын мүлікке елтаңбалық алымның артуы дайын тұрғын үйді сатып алумен салыстырғанда құрылысқа қаражат салымының тиімділігін жоғарлатады. Тұрғын үй құрылысы кезеңінде инвестиция жасап, меншік иесі оның құнының 20% немесе одан жоғары соманы қайтара алады. Жер телімін сатып алу кезінде алымды есептеу салынатын үйдің құнына емес, жер телімінің құнына негізделеді. Осылайша, дайын үйдің құны 15 млн. болса, елтаңбалық алым £1 713 500 болады. Құны \$7,5 млн. және құрылыс құны \$7,5 млн. жер телімінде дербес құрылыстың елтаңбалық алым көлемі \$813 750 құрайды. Инвестицияның бұл түрі елтаңбалық жинауда £900 000 үнемдеуді ғана емес, сондай-ақ құрылысты өз бетінше жүзеге асыратын девелоперлерге төлемді болдырмау үшін құрылысты кезең-кезеңмен қаржыландыру мүмкіндігін де береді, бұл қосымша £450 000 ұтып алуға мүмкіндік береді.

Шотландияда 2015 жылдың 1 сәуірінен бастап жылжымайтын мүлікті сатып алу кезінде елтаңбалық алым алынбайды. Бірақ, жылжымайтын мүлікті сатып алушы **жер және құрылыстармен мәмілелерге салық (Land and Buildings Transaction Tax)** төлеуі тиіс, ол прогрессивті шкала бойынша есептеледі және мәміле сомасының 2%-дан 12%-ға дейін құрайды.

Елтаңбалық алым төлеудің ерекше шарттары.

Елтаңбалық алымды төлеудің ерекше тәртібі мынадай жағдайларда қолданылады: сатып алушы туыстық немесе әріптестік қатынастарда тұратын адамдардан екі және одан да көп жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алған, жылжымайтын мүлікті үлестік меншікке сатып алған; неке қию, азаматтық әріптестік, ажырасу нәтижесінде, өсиет бойынша немесе компанияға меншік құқығы ауысқан жағдайда. Сондай-ақ, елтаңбалық алым жылжымайтын мүлік келесі мақсатта пайдаланса алынады:

- коммерциялық жылжымайтын мүлік ретінде жалға беру;
- құрылыс немесе қайта сату;
- коммерциялық негізде қонақтарды тұрғызу;
- тұрғын үйді жылжымайтын мүлік ретінде жалға беру.

Мысалы, жалға берілетін жылжымайтын мүліктің құны £125 000 астам болса, елтаңбалық алым жылжымайтын мүлік құны мен £125 000 шегі арасындағы айырманың 1% мөлшерінде төленеді.

2015 жылғы 1 сәуірден бастап Ұлыбританияның резидент емес жеке тұлғалары тұрғын үй сату кезінде елдің азаматтары сияқты көлемде капитал өсіміне салық төлеуі тиіс. Өзгерістер корпоративтік инвесторларға қатысты емес. Үкімет осы шараның көмегімен Ұлыбритания азаматтарының тұрғын үйді сатып алуға қол жетімділігін сақтауға, сондай-ақ £700 млн. салықтан түскен пайданы көбейтуге, жылжымайтын мүлік нарығында жалған «көпіршіктің» пайда болуының алдын алуға арналған шарасы.

Сонымен қатар, жылжымайтын мүлікке салынатын капиталдың өсуіне байланысты салынатын салық құрамы да өзгерді. Егер бұрын £2 млн-нан бағасы бар барлық жылжымайтын мүлік 5% салық салынса, онда бүгін жылжымайтын мүлікке үлкен салық салынғанда салық салудың прогрессивті шкаласы іске қосылады. Оның ставкасы 12%-ға жетуі мүмкін. Заңды тұлғалар (резиденттер мен резидент еместер) үшін бұл мөлшерлеме 28% құрайды. Жетекші риэлторлық агенттіктердің өкілдері жаңа енгізу басқа елдерден бай сатып алушылар тарапынан сұранысқа әсер еткен жоқ, өйткені капитал өсіміне

салынатын салық бірыңғай төленеді, ал Ұлыбританиядағы жылжымайтын мүліктің инвестициялық әлеуеті өте жоғары деп белгілейді.

Ұлыбританияда жылжымайтын мүлік сатып алу.

Ұлыбританияда жылжымайтын мүлікті сатып алу кезінде инвестор мыналарды ескеруі тиіс: риэлтор агенттігінің комиссиясы (1-2%), мәмілені заңды сүйемелдеу (жылжымайтын мүлік құнының 0,1%-нан кем), муниципалды алымдар (шамамен £400). Ипотекалық кредит тартылған жағдайда салық консультантының қызметінің құны ипотека сомасының 0,5-2%-ын құрайды. Ұлыбритания заңнамасы жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату үшін заңгер мен нотариусты тартуды талап етпейді, алайда статистика бойынша мәмілелердің шамамен 90%-ы олардың қатысуымен жүзеге асырылады.

Ұлыбританияда жыл сайынғы жылжымайтын мүлік салығы жоқ. Оның орнына ***ай сайынғы муниципалдық алым (Council tax)*** төленеді. Оның мөлшері жылжымайтын мүлік құнына байланысты: құны £320 000 жоғары тұрғын үй үшін, орналасқан жеріне байланысты (аудан, муниципалитет) жылына £900-£3000 құрайды.

Пайдалану алымдары (Service charge) муниципалитетке ай сайын жылжымайтын мүлік объектісін жөндеу және қызмет көрсету үшін төленеді. Алымдардың көлеміне бірнеше факторлар әсер етеді: ғимараттың жабдықталуы, оның тозуы, консьерж, бассейн, тұрақ және т.б. Орташа пайдалану алымдарының сомасы 1 шаршы метр үшін £30-£150 құрайды, оған коммуналдық төлемдер (су, электр, газ төлемі) (Utility bills) кірмейді – айына £50 бастап.

Ұлыбританияда төлемейтіндерді жазалау жүйесі өте қатаң жұмыс істейді. Бірнеше ескертулерден, төлем болмаған жағдайда, берешекті сот арқылы өндіріп алынады.

Мұраға және сыйға салынатын салық.

Мұраға және сыйға салынатын салық (Inheritance tax). Иесі қайтыс болған жағдайда мүлікке және/немесе ақшалай қаражатқа салық салынады және оны оның тікелей мұрагері төлейді. Жалпы құны £325 000 бағаланатын мұраға салық салынбайды. Жоғары сомаға бағаланатын барлық мүлік пен активтерге 40% ставка бойынша салық салынады. Бұл салық Еуропадағы ең жоғары салық. Ерлі-зайыптылар үшін, жұбайлардың бірі қайтыс болған жағдайда, 2007 жылдан бастап мұраға және сыйға салынбайтын база £650 000 құрайды.

Германияда салық салу.

Неміс салық салу жүйесінің негізгі принципі: ***«салықтар мемлекет көрсететін қызметтердің көлеміне сәйкес келуі тиіс»***.

Германияда күрделі және тармақталған салық жүйесі қабылданған. Германияда азаматтары мен азаматтары емес төлейтін барлық салықтар туралы ай сайын хабарландыру алады: поштаға салық органдарының жазбаша хабарламасы келеді. Салық төлеу кезіндегі мамандардың көмегі – Германияда әдеттегі іс. Жаңа кәсіпкерлерге және шетелдік кәсіпкерлерге, сондай-ақ қосымша табыс алатын тұлғаларға, әрқашан сарапшыларға жүгінуге ұсынылады. Алғашқы салық декларацияларын толтыру кезінде салық консультанттары, адвокаттар, аудиторларға және қаржы инспекторларына толтыртқан дұрыс.

Германияда салықтар бюджеттік табыстың 80% жуығын қамтамасыз етеді. Сондықтан оларды Үкімет экономиканың дамуына мемлекеттің әсер етуінің басты құралы ретінде қарастырады. Германияда барлығы 45 салық түрі, соның ішінде ит иелеріне арналған салық, сірке қышқылына салық, шіркеу салығы, шараптарға салық, энергия, көңіл көтеру шаралары, кофе, сыра, аң аулау, екінші үй немесе пәтер, спирт және т.б. салықтар кіреді,

Мемлекеттік бюджетке қосымша неміс Орталық Банкі мен Мемлекеттік кәсіпорындардың кірістері кіреді. Бастапқыда біркелкі емес жер бюджеттері қаржылық «тендік» үшін тік және көлденең бөлінеді – жоғары табысты өңірлерден (Бавария, Вюртемберг, Солтүстік Рейн-Вестфалия) «экономикалық аз дамыған өңірлердің (Саксония, Шлезвиг-Голштейн) пайдасына салық алымдарын қайта бөлуден өтеді. Қаржылық «әлсіз» жерлер қосымша мемлекеттік дотациялар алады.

Салық салудың негізгі ережелері «Салық төлеу ережесі» – *Abgabenordnung* заңымен реттеледі.

Германиядағы барлық салықтарды үш негізгі топқа бөлуге болады:

- табыстарына салынатын салықтар;
- мүлікке салынатын салықтар;
- мәмілелер мен тұтынуға салынатын салықтар.

Табыс салығының негізгі түрлері:

- жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы – *Einkommensteuer*;
- кәсіпорындардың пайда салығы – *Körperschaftsteuer*;
- шаруашылық қызмет салығы – *Gewerbesteuer*.

Мүлікке салынатын негізгі салықтар:

- жер салығы – *Grundsteuer*;
- сыйға және мұраға салынатын салықтар.

Мәмілелер мен тұтынуға салынатын негізгі салықтар:

- мүлікті сатып алуға салынатын салық;
- ҚҚС.

1. Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы мемлекеттік кірістердің негізгі көзі болып табылады – ол барлық салық түсімдерінің 40%-ға жуығын береді. Салық жеке тұлғалардың әр түрлі табыс көздерден алынатын табысқа салынады (оның ішінде басқа елдерде алынған кірістерден егер оларға салық салынбаса).

Табыс салығына кіреді:

- *еңбекақыдан түсетін салық;*
- *капиталдан түсетін табыс салығы.*

Табыс салығы өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы қызметінің, дербес және дәрменсіз еңбектің, капиталды иеленудің, тұрғын үйді жалға берудің, қандай да бір меншікті жалға берудің және т.б. барлық табыстарына, алыпсатарлық келісімдерден түсетін табысқа салынады. Бұл салық прогрессивті, оның ең төменгі мөлшерлемесі – 19%, ең жоғарғы – 53%.

Салық салынбайтын минимум жылына 5616 евро (жалғыз адамдар үшін) және 11232 евро (отбасылық жұптар үшін) құрайды. Жалғыз адамдар үшін 8153 еуро және отбасылық жұптар үшін 16307 еуродан аспайтын кірістер үшін 22,9% ставкасына пропорционалды салық салу қолданылады. Бұдан әрі салық 120041 Еуро табыс көлеміне дейін прогрессивті шкала бойынша (жалғыз адамдар үшін) және 240083 Еуро (отбасылық жұптар үшін) алынады. Барлық табыстарға ең жоғары мөлшерлеме 51%.

Ерлі-зайыптылар үш шартты орындаған жағдайда бірлескен және бөлек салық салуды таңдай алады:

1. Ерлі-зайыптылардың екеуі де табыс салығын төлеу бойынша шектеусіз салық міндетін атқарады (Германияның салық резиденттері). 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап заң ерлі – зайыптылардың біреуі Еуропалық Одаққа мүше елдің азаматы болып табылатын (яғни Германияның салық резиденті болып табылмайтын) жағдайда біріккен «әлемдік» табысының кемінде 90% Германияда салық салуға жататын не Германияда салық салуға жатпайтын олардың біріккен «әлемдік» табысының сомасы 24 000 неміс маркасынан аспайтын болса жұбайлардың бірлескен декларация тапсыру мүмкіндігін атап өткен жөн.
2. Ерлі-зайыптылар бірге тұрады. Біреуі Еуропалық Одаққа мүше елдің азаматы болып табылатын ерлі – зайыптылар бірлесіп

декларация тапсыра алады, егер ерлі – зайыптылардың тұрақты тұратын жері Германияда не екінші жұбайы резидент болып табылатын ЕО-ға мүше елде болуы міндетті шарт болып табылады.

3. Жоғарыда аталған шарттар салық кезеңінің басында орын алған немесе ерлі-зайыптылар бірлескен декларацияны беретін салық кезеңі ішінде басталған.

Ерлі-зайыптылардың заңды некесі ерлі-зайыптылардың бірлескен салық салу құқығының міндетті шарты болып табылады. Ерлі-зайыптылардың екеуі де салық органына бірлескен салық салуға жазбаша келісім беруге тиіс.

Ерлі-зайыптыларға бірлесіп салық салу кезінде ерлі-зайыптылардың әрқайсысы алған барлық табыстары біріктіріледі. Ерлі-зайыптылардың бірлескен жалпы табысынан ерлі-зайыптылардың әрқайсысының заң бойынша құқығы бар барлық шығыстар, шегерімдер мен жеңілдіктер шегеріледі. Нәтижесінде алынған ерлі-зайыптылардың жалпы салық салынатын табысы ерлі-зайыптылар арасында екіге бөлінеді. Жалпы табыстың әрбір жартысынан барлық салық төлеушілер үшін бірыңғай прогрессивті ставкалар бойынша табыс салығы есептеледі. Ерлі-зайыптыларға бірлескен салық салу Германиядағы салық салудың ерекшелігі болып табылады.

Балаларға арналған салық жеңілдіктер, жас ерекшеліктеріне байланысты жеңілдіктер, төтенше жағдайлар бойынша жеңілдіктер (ауру, жазатайым оқиға) және тағы басқалар қолданылады.

2. Қосылған құн салығы (ҚҚС).

Қосылған құн салығы – кәсіпкерлік қызметі үдерісінде кәсіпкер ақылы жүзеге асыратын кез келген қызметке салынатын салық. Жеке тұтынуға арналмаған кез келген қызмет, сондай-ақ ЕО мүшесі болып табылмайтын елдерден заттарды әкелу салық салу объектісі болып табылады. Тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету, тауарды әкелу, оның сатып алу салық салу объектісі болып табылады.

Кез келген басқа жанама салық сияқты, ол тұтынушыға жүк болады, ал заңды тұлғалар оның техникалық жинаушылары болып табылады. Салық, сомасы шоттарда міндетті түрде жеке көрсетіліп, тауардың бағасына енгізіледі.

Бірқатар тауарлар мен қызмет көрсетулер қосылған құн салығын салудан босатылған. Оларға экспорттық жеткізілімдер, теңіздегі кеме қатынасы мен авиакөліктің жекелеген айналымы, сондай-ақ әкелуге, әкетуге және транзиттік экспорттық-импорттық операцияларға бай-

ланысты басқа да бірқатар қызметтер жатады. Бұл тауарлар мен қызметтер бойынша ҚҚС-ты алдын ала шегеру көзделген. Алдын ала шегеруді көздемейтін босатылған тауарлар мен қызметтердің басқа тобына дәрігерлер мен басқа да емдеу мамандықтары өкілдерінің қызметтері, федералдық сақтандыру қоғамының қызметтері, көптеген ауруханалардың, жазғы мектептердің, театрлардың, мұражайлардың қызметтері, сондай-ақ несие беру және жер учаскелерін жалға беру және басқа да қызметтер жатады.

ҚҚС туралы Заңға сәйкес Германияда екі салық ставкалары жұмыс істейді: **жалпы салық ставкасы 19% және төмендетілген салық ставкасы 7%-ды** құрайды.

Төмендетілген салық ставкасы ең алдымен азық-түлік тауарларын (сусындарды қоспағанда) жеткізу, жеке пайдалану және әкелу кезінде және қоғамдық тамақтану орындарының қызметі саласында қолданылады. Шағын кәсіпорындар үшін де белгілі жеңілдіктер қарастырылған. Мысалы ҚҚС, экспортқа арналған заттарды экспорттық жеткізуден және алыс-беріс өңдеуден, ЕО шеңберінде жеткізуден, кредит беруден, жерді жалға беруден және жалға беруден, медициналық және әлеуметтік салалардағы айналымдардан алынбайды.

3. Корпорациялардан алынатын салықты заңды тұлғалар (акционерлік қоғамдар, әртүрлі серіктестіктер, сондай-ақ жеке шаруашылық қызметпен айналысатын мемлекеттік ұйымдар) төлейді. Күнтізбелік жыл ішіндегі олардың пайдасы салық салу объектісі болып табылады.

Салық салу объектісін қалыптастыру кезінде жедел амортизация кеңінен қолданылады. Несие бойынша пайыздарға салық салынбайды. Корпорациялар салығына қатысты шектеулі және шектеусіз салықтық шектеулер бар. Шектеусіз салықтық шектеулер дирекциясы немесе орналасқан жері Германия аумағында орналасқан заңды тұлғалардың барлық табыстарына қолданылады (заңды тұлға Германия салық резиденті болып табылады). Шектеулі салық міндеттілігін Германияда табыс алатын, бірақ тұрақты өкілдігі одан тыс жерлерде бар заңды тұлғалар көтереді.

Корпорациялардың төлейтін салықтың базалық ставкасы 30% құрайды. Корпорациялардың пайдасы бөлінбеген жағдайда 45% ставка қолданылады. Осылайша корпорациялардың пайдасын бөлу ынталандырылады.

Корпорациялардың таза табысынан жеке тұлғаның салық салынатын жеке кірісіне акционерлерге төленетін дивидендтерді қосқан

кезде жаппай пайда болатын қосарланған салық салу проблемасы табыс салығы бойынша акционерлерде салық салынатын базаны қалыптастыру кезінде корпорация төлеген салық сомасын есептеу арқылы Германияда шешілді.

Германиядағы кәсіпшілік салық негізгі жергілікті салық қатарына жатады [21].

Кәсіптік салықтың кіріс құраушысы бойынша салық салуға, пайдадан басқа, ұзақ мерзімге алынған күрделі сипаттағы қарыз қаражатын пайдаланғаны үшін пайыз көлемінің 0,5%-на тең сома жатады. Басқа кәсіпорындардың қызметінен алынған шығындар да ескеріледі (оған салық төлеушінің үлестік қатысуы кезінде).

Бірқатар шегерімдер көзделген: жер телімдері құнының 1,2%-на тең сомаға, басқа кәсіпорындардың қызметінен, сондай-ақ шетелдік филиалдардың қызметінен алынған пайда сомасы. Өткен жылдар болған жағдайда салық салу базасы олардың сомасына азайтылады.

Қалған салық төлеушілер үшін оның кіріс бөлігіндегі кәсіпшілік салық ставкасы 5%-ға тең.

Кәсіпшілік салықтың екінші құраушысы объектісі капитал ретінде көрсетіледі.

Салықтың түпкілікті сомасы әрбір жер дербес белгілейтін ставкаға (тарифке) көбейту жолымен айқындалады.

Жер салығы Германияда заңды және жеке тұлғалардың меншігіндегі жер телімдеріне салынады. Салық ставкасы екі бөліктен тұрады, олардың біреуі орталықтандырылған түрде белгіленеді, екіншісі қауымның үстемесін білдіреді. Орталықтандырылған ставканың мөлшері жерді пайдаланушылар бойынша сараланған, бұл жер салығының екі түрінде көрініс табады:

«А» – ауыл және орман шаруашылығы кәсіпорындары үшін;

«В» – жер телімдері үшін олардың тиесілігіне қарамастан.

Мемлекеттік қазынадан қаржыландырылатын мекемелер, шіркеулер, әртүрлі коммерциялық емес кәсіпорындар, сондай-ақ ғылыми мақсатта және қоғамдық мақсатта пайдаланылатын жерлер салық төлеуден босатылады.

Салық мөлшері жердің құндылығы мен ставканың мөлшеріне байланысты. «А» салығы бойынша ставканың мөлшері 0,246%, «В» салығы бойынша – 0,423% құрайды.

Салық сомасын түпкілікті есептеу кезінде елеулі мән жердің мақсатына (орман және ауыл шаруашылығы үшін – 0,6%), сондай-ақ жер телімін тұрғын үйлерге пайдалану қарқындылығына және онда

салынған ғимараттардың құнына байланысты сараланған қауымдық түзету ставкаларына жатады.

Осы салықты төлеушілерді заңды тұлғаларда пайдаға салық салу кезінде шығындар ретінде жер салығын есептеуге рұқсат етілген.

Германияның салық жүйесінде 920 жылдан астам тарихы бар **мүліктік салықтар** маңызды орын алады. Мүлікке салық заңды және жеке тұлғалардың меншігінесалынады. Табыс салығы жағдайындағы дай, осы салықты алу кезінде шектеулі және шектеусіз салықтық артықшылық ерекшеленеді. Есептеу негізі ретінде күнтізбелік жылдың басында салық салынбайтын минимумға кемітілген салық төлеушінің мүлігінің жиынтық құны болып табылады. Заңды тұлғалар үшін мүліктік салық ставкасы жыл сайын салық салынатын мүлік құнынан 0,6%, жеке тұлғалар үшін – 1,0%.

Мұраға және сыйға салынатын салық туыстық дәрежесіне және сатып алынған мүліктің құнына қарай сараланған ставкалар бойынша алынады.

Германияда **акциздер** федералдық бюджетке (сырадан басқа) жіберіледі. Акцизделетін тауарлар мен қызметтер қатарына: сұйық және минералды отын, шараптар, кофе, сыра, темекі және темекі бұйымдары, спирт-арақ бұйымдары кіреді.

Жалақы қорынан алынатын **әлеуметтік аударымдар** 6,8% құрайды. АҚШ-тағы сияқты аударымдар сомасы жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасындағы тең пропорцияда бөлінеді.

Салықтардың қосымша функциялары.

Кейбір жағдайларда Германияда жаңа салықтарды орнату таза реттеуші мақсаттарды көздейді. Классикалық мысал ретінде ғасыр басында енгізілген және әлі күнге дейін сақталған сірке қышқылына салық бола алады. Ол кезде жасанды сірке қышқылын жасау және осы мақсаттарға шарап жұмсауды тоқтату қажеттігін туындаған. Осы салықтан түсетін ақша түсімдері оны алу шығындарын жаба алмады, бірақ техникалық міндет шешілді және экономикалық мақсатқа қол жеткізілді. Салық қазір тарихи жәдігер ретінде сақталуда.

Салық өсімінің көмегімен экономикалық емес, әлеуметтік міндетті шешу. Темекіге акциздің күрт ұлғаюынан кейін темекі шекпейтіндердің саны қысқарды, алайда темекі шегудің зияны туралы ұзақ мерзімді насихаттау науқаны барысында темекі шегетіндердің саны айтарлықтай көп болды.

Салық арқылы экология мәселелері де шешіледі. Өз уақытында елдің өнеркәсібі автомобильдерді катализаторлармен жабдықтауға

қарсы тұрды. Сол кезде олармен жабдықталған автомобильдерге салық күрт төмендетіліп, бензин түрлеріне акциз алымы төмендетілді. Мәселен, катализаторларды енгізуге арналған қосымша шығыстар «өтелді».

1.2 Әлем елдеріндегі табыс салығының деңгейі

Табыс салығы – жеке тұлғалардың табыстарына салынатын салық – тікелей салықтардың негізгі түрі. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес құжатпен расталған шығыстарды шегере отырып, жеке тұлғалардың жиынтық табысының процентімен есептеледі [21].



1-сурет. Әлемдегі табыс салығы картасы

Өз азаматтарын табыс салығынан босатқан мемлекеттер қатарына, ең алдымен, бай шикізат елдер жатады. Бұл Біріккен Араб Әмірліктері, Катар, Бахрейн, Оман және Кувейт. Сауд Арабиясының тұрғындары шағын салық төлейді – кез келген пайдадан тек 2,5%. Осы «салық жұмағы» мәртебесіне Монако князьдігі, Багама және Бермуд елдері

де үміткер. Бұл мемлекеттерде, әрине, кейбір салықтық ерекшеліктер бар. Мысалы, Багама мен Бермудтарға азаматтар сақтандыру жарналарын төлейді, ал Монакода салықтар Франция азаматтары салынады. Алайда жалпы тәртіппен азаматтардың басым көпшілігі салықтан босатылды.

Салық салудың прогрессивті шкаласы бар көптеген елдерде табысы төмен азаматтар табыс салығын төлемейді. Олардың қатарына жылына 4,6 мың \$ төмен табысы бар австралиялықтарды, жыл сайынғы табысы 12,5 мың \$ төмен австриялықтарды, жылына 5,3 мың \$ кем табысы бар бразилиялықтарды, жылына табысы 9 мың \$ кем немістерді және 2,2 мың \$ төмен табыс тапқан шведтерді жатқызуға болады. Швеция үшін өте аз сома, бірақ аз табыс тапқан тұлға салық төлемейді. Сингапурда да салық салынбайтын осындай шектейле анықталды. Онда аумақтық салық салу жүйесі пайдаланылады, алайда жылына 16 мың \$ кем тапқан немесе Сингапурдан тыс жұмыс істегендердің барлығы салықтан босатылады.

Мұндай схема Ұлыбританияда да әрекет етеді. Ең аз салық салынбайтын сома – 11 мың £. Егер азамат бұл сомадан артық табыс тапса да, бұл сомаға салық салынбайды. Табыс 100 мың £ дейін болған жағдайда салық салынбайтын сома салық базасынан шегеріледі. Табыс салығы қалған сомадан ғана төленеді. Мысалы, бір жыл ішінде табыс 15 мың £ құраса, салықтар тек 4 мың £ төленеді. Прогрессивті салықтың мөлшерлемесі өте маңызды және 35 мыңға дейін табыс кезінде 20%, 150 мыңға дейін табыс кезінде 40%, көрсетілген бағадан жоғары барлық табыс үшін 45% құрайды.

Табыс салығының прогрессивті ставкалары Еуропаның көптеген дамыған елдерінде, Батыста да қолданылады. Мысалы, АҚШ-та салық ставкаларының ауытқуы алынатын табысқа байланысты 10-нан 39,6%-ға дейінгі шекте болады. Төменгі салық ставкасы бойынша жылдық табысы 9,2 мың \$ аспайтын барлық тұлғалар төлейді. Жоғары табыс деңгейі бар тұлғалар үшін жоғарғы шектер жылына 418 мыңнан асады. Бұл шектер жалғыз басты азаматтар үшін, отбасылық жұптар мүлдем басқа мөлшерлемелер мен лимиттер бойынша төлейді. Сонымен қатар, АҚШ-та салық шегерімдері жүйесі қолданылады. Бұл, атап айтқанда, асырауындағылардың болуы, білім ақысын төлеу (өзі немесе баласы), ипотекалық қарыздардың болуы немесе жылжымайтын мүлік салығын төлеу. Бірақ азаматтар федералдық бюджетке де, штаттың бюджетіне де салық төлеуге міндетті.

Францияның салық жүйесі қатаң болып саналады. Азаматтардың өздері үнемі жоғары салық ставкаларына шағымданады, олардың көбі елден қоныс аударған (мысалы, Ресей азаматтығын алған Жерар Депардьё). Төлемдер туралы декларацияны дәстүрлі түрде барлық азаматтар ақпан айында береді және онда, әдетте, барлық түскен кіріс көрсетіледі. Мүлікті жалға беруден немесе машинаны сатудан түсетін түсімдер сияқты кірістерді жасыру әдетте салық органдарымен анықталады, содан кейін азаматтарға айыппұл төлеуге тура келеді.

Франциядағы табыс салығы белгілі бір ерекшеліктерге ие. Мысалы, табыс салығы нақты азаматтан емес, үй шаруашылығынан алынады. Яғни, салық отбасының жалпы кірісінен төленеді. Сонымен қатар, отбасы мүшелерінің санына байланысты жеке коэффициенттер қолданылады. Сонымен, жалғызбасты адамдарға коэффициент 1 тең, ерлі-зайыптыларға коэффициент 2, егер олардың баласы болса, коэффициент 2,5 тең болады. Бұл коэффициент үй шаруашылығының салық базасын осы коэффициентке бөлу үшін қолданылады, содан кейін салық есептеледі. Табыссыз отбасы мүшелері, мысалы, балалар көбейген сайын салық салынатын база азаяды, демек төленген салықтар азаяды. Сонымен қатар, меценаттар мен инвесторларға, оқытуға ақы төлейтін, асырауындағыларға, энергия үнемдеу жүйелеріне қатысатындарға және т.б. салықтық жеңілдіктер қарастырылған.

Тарифтерге келетін болсақ, үй шаруашылығы табысы 9 710 еуроға (немесе айына 809 еуроға) тең болса салық салынбайды. Жылына 26 мың еуроға дейін (айына 2234 евро) кірісі бар үй шаруашылықтары 14% мөлшерінде, 71,898 еуроға дейін – 30%, 152,898 еуроға дейін – 41%, 152 260-тан асқан – 41% салық төлейді. Сонымен қатар, жоғары кірістерге қосымша салық салынады. 250-ден 500 мың еуроға дейін – 3%, 500 мың евродан – 4%. Мемлекет табыс иелерінен табыстың 75% алатын миллионерлерге (табысы 1 млн. евродан асқан) арналған әйгілі салық казіргі уақытта қолданылмайды.

Әр елде табыс салығын жинау тәртібі ерешеленеді. Мәселен, Ресейде барлығына бірыңғай ставка қолданылады (кірісіне қарамастан) 13%. Көптеген дамыған елдерде прогрессивті табыс салығының ставкасы бар. Табыс салығы мүлдем жоқ елдер де бар. Негізінен, бұл Еуропа территориясындағы княздіктер, не шағын аралдары, немесе Таяу Шығыс елдеріндегі.

Заңды емес тұлғалар үшін ең төмен табыс салықтары

Салық рейтингіндегі орны	Елдің аты	Салық ставкалары (кәсіпорынның жалпы кірісінен есептелетін %)
1.	Албания	10
2.	Босния және Герцеговина	10
3.	Болгария	10
4.	Қазақстан	10
5.	Белорусь	12
6.	Макао	12
7.	Росей	10
8.	Иордания	14
9.	Коста-Рика	15
10.	Гонконг	15
11.	Литва	15
12.	Маврикий	15
13.	Сербия	15
14.	Судан	15
15.	Йемен	15
16.	Венгрия	16
17.	Румыния	16
18.	Ангола	17
19.	Украина	18
20.	Черногория	19
21.	Словакия	19

Дереккөзі: <https://visasam.ru/emigration/vybor/nalogi-v-mire.html>

Шетелдік инвестициялар мен ауқатты азаматтарды тартқысы келетін кейбір елдер арнайы салық режимін ұсына алады. Жаңа салық резиденттері үшін осы арнайы жеңілдетілген салық режимдері олар қалағанша жалғасуы мүмкін (Швейцария, Ұлыбритания, Мальта) немесе уақыт шектеулі (мысалы, Канада немесе Португалия) [22].

Табыс салығы ең жоғары елдер:

Аруба. Салық ставкасы 58,95% құрайды. Бұл ставкаға *әлеуметтік салық* кіреді, ол өз кезегінде *зейнетақы* да қосалады. Жұмыс беруші де, жұмысшы да төлейді. Қызметкер 4% төлеуге міндетті, ал жұмыс беруші 9,5% төлейді. **Сақтандыру сыйақысы.** Жұмыс беруші 8,9%, ал қызметкер 2,6% көлемінде төлейді.

Швецияда пайдаға салынатын салық мөлшерлемесі 56,6% құрайды, оның 7%-ы – әлеуметтік жарна.

Дания. Ставка 55,4% құрайды. 2008 жылға дейін Данияда табыс салығының ставкасы 62,3% болды, бірақ үкімет салық сомасын азайтуға шешім қабылдады. Елде салық төлемдерін болдырмау мүмкін емес. Тіпті шіркеуге салық салынады, ол табыстың 1,5%-ын алады.

Бельгия. Табыс салығы – 53,7%. Әлеуметтік салым – 13%. Муниципалдық – 11%.

Нидерланды. Пайдаға салынатын салық ставкасы 52% құрайды (бұрын бұл салық 72% жеткен). Табыс салығынан басқа, азаматтар жер салығын 6% мөлшерінде және мұрагерлік салықтан 40% мөлшерінде алып тастауға міндетті.

Австрия мен Жапония. Бұл елдердегі табыс салығының сомасы 50% құрайды.

Финляндия. Бұрын бекітілген мөлшерлеме 53,5% болса, 2004 жылы үкіметтің шешімімен жеке тұлғаларға салық салу 49,2% дейін төмендеді.

Ирландия – табыс салығы ең жоғары 48% болатын елдердің бірі. Бұл мөлшерлеме Еуропаның солтүстік бөлігіндегі орташа табыс салығыдан әлдеқайда жоғары, ол қазіргі уақытта 40% құрайды.

Ұлыбритания. 2010 жылы ел үкіметі табыс салығы ставкасын 10%-ға ұлғайту туралы шешім қабылдады (2010 жылы өсуді ескере отырып, ставка 50% құрады). Бірақ өсім өзін ақтамады және 2013 жылдан бастап ол 45%-ды құрады, яғни 5%-ға төмендеді.

ТАРАУ II. ҚАЗАҚСТАНДА ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІН ДАМУ ТӘЖІРИБЕСІ

- 2.1 Әлеуметтік кәсіпкерліктің мәні
- 2.2 Шетелде әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдау тәжірибесі
- 2.3 Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерліктің даму тәжірибесі
- 2.4 Әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу
- 2.5 Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің даму ерекшеліктері

2.1 Әлеуметтік кәсіпкерліктің мәні

Әлеуметтік кәсіпкерліктің негізінде «кәсіпкерлік» түсінігі жатыр – азаматтардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлікке) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлікке) негізделген дербес, бастамашыл қызметі. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады [29].

Әлеуметтік кәсіпкерлік – бұл бастапқыда өзін-өзі өтеу және тұрақтылық жағдайында қоғамның әлеуметтік проблемаларын шешуге немесе жеңілдетуге бағытталған жаңашыл қызмет.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің ерекшелігі оның қалай жұмыс істейтіні, яғни оны іске асырудың нысандары мен тетіктері болып табылады. Мұнда «кәсіпкерлік» және «инновациялар» ұғымдары басты рөл атқарады. Әлеуметтік кәсіпкерліктің міндеті әлеуметтік игіліктерді ұсыну тетігін құру есебінен әлеуметтік мәселені инновациялық әдіспен шешу болып табылады.

Іс жүзінде бұл кәсіпкердің қолда бар ресурстарының және әлеуметтік қызметтерді сатып алушылардың қажеттілігінің өзара іс-қимылының синергетикалық әсерінің көзі. Әлеуметтік бағдарланған кәсіпкерлік қызметтің нәтижесі – әлеуметтік инновация, яғни әлеуметтік мәселені шешудің жаңа тәсілі болып табылады. Әлеуметтік инновацияның маңыздылығы – оның құндылығы – қызмет алушының әлеуметтік қажеттіліктерін жаңа, оған ыңғайлы әдіспен қанағаттандыру қабілетімен анықталады.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің маңызды нәтижесі инновацияның әлеуметтік қосылған құнының өсуі-халықтың өмір сүру сапасын арттыру:

- өмір сапасының ең төменгі стандарттарын сақтау (қол жеткізу);
- әлеуметтік мәселені шешудің жаңа тәсілдерін табу;
- ресурстар мен қызметтерді тұтынушылардың өзін-өзі ұйымдастыруының синергетикалық әсері.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің шекаралық жағдайы (кәсіпкерлік пен қайырымдылық арасындағы) әлеуметтік кәсіпкерлікке феномен ретінде тән өлшемдерді бөлу қажеттігіне себепші болады.

Мұндай өлшемдер:

- әлеуметтік миссия;
- кәсіпкерлік тәсіл;
- инновациялылық (әлеуметтік проблеманы шешудегі жаңашылдық, ресурстардың жаңа комбинациясы, өңір үшін жаңа қызмет.

Әлеуметтік қосылған құн – тауардың белгілі тұтыну желілеріне қол жеткізу қабілеті, таралымдылығы, өзін-өзі ақтауы және қаржылық тұрақтылығы.

Бизнесті дамытудың басты нүктесі кәсіпкер шешуге тырысатын әлеуметтік мәселе болып табылады. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін ол жағдайды жаңаша көру және жаңа мүмкіндіктерді пайдалану, қолда бар ресурстарды тиімді пайдалану, қажетті белсенділік пен мотивацияға ие болуы тиіс. Көптеген әлеуметтік проблемалар стандартты тәсілдер шеңберінде шешілмейді. Сондықтан әлеуметтік бағдарланған бизнестің табыстылығы айтарлықтай дәрежеде инновациялық (бұл жағдайда – әлеуметтік-мәдени) тәсілді пайдалануға негізделген.

Нақты әлеуметтік проблеманы шешуде жаңа тәсілдерді пайдалану, ресурстардың жаңа комбинациясын пайдалану, нарыққа жаңа қызметті шығару (халықтың өзін-өзі ұйымдастыру күштерін пайдалану, ҚОҚ әлеуетін пайдалану). Бизнестің ауқымы оның табыстылығының шарттарының бірі болып табылады. Сондықтан әлеуметтік кәсіпкерлік өлшемдерінің бірі оны көбейту мүмкіндігі болып табылады (ағымдағы аумақ шекарасында барынша дамыту, жаңа аумақтарды қамту).

Табысты бизнес тұрақты ақша ағынын қамтамасыз етуі, өзін-өзі өтейтін және қаржылық тұрақты болуы тиіс. Әлеуметтік бағдарланған бизнес әлеуметтік мақсаттар мен коммерциялық құрама бөлігі арасындағы белгілі бір теңгерімді болжайды. Бұл жерде ақша өзін-өзі мақсат емес, ұйымның әлеуметтік мақсаттарына қол жеткізу құралы

болып табылады. Пайда негізінен осы мақсаттармен акционерлер мен иеленушілердің қалтасына түспейді, бизнеске немесе жергілікті қоғамдастыққа қайта инвестицияланады. Әлеуметтік кәсіпкерлік әлеуетін іске асыру саласы болып коммерциялық емес сектор табылады.

Коммерциялық емес ұйымдар қызметінің мақсаты көбінесе тұрмыстық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру болып табылады. Коммерциялық емес ұйымдар қызметінің басым салалары мәдениет, денсаулық сақтау, заң және білім беру қызметтерін көрсету, ғылым, спорт болып табылады. Бұл мемлекет жеткіліксіз дәрежеде қаржыландыратын қызмет салалары. Өз кезегінде, коммерциялық ұйымдар инвестицияның экономикалық рентабельділігі төмен болуына байланысты осы қызмет салаларына қаражат салуға дайын емес.

Керісінше, коммерциялық емес ұйымдар қызметінің мақсаты басым түрде өзін-өзі ұйымдастыру тетігін пайдалану есебінен бар әлеуметтік мәселелерді жеңілдету болып табылады. Пайда алу аталған ұйымдар қызметінің мақсаты болып табылмайды. Жұмыс қайырымдылық пен табыстылық шекарасында жүзеге асырылады. Түскен қаражат ұйымдарды одан әрі дамытуға бағытталады.

Түскен қаражат ұйымдарды одан әрі дамытуға бағытталады. Өзін-өзі ұйымдастыру ресурсын пайдалану жұмыс істеп тұрған коммерциялық ұйымдармен (мысалы, бала күтуші/медбике қызметін ұсыну жөніндегі агенттіктермен) салыстырғанда әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған шығындарды төмендетуге ғана емес, сонымен қатар халықтың қолданыстағы әлеуметтік инфрақұрылым шеңберінде көрсетілмейтін қызметтерге деген қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру есебінен халықтың өмір сүру сапасын арттыруға мүмкіндік береді (мысалы, өнімдер мен дәрі-дәрмектерді үйге жеткізу жөніндегі қызметтерді көрсету).

Сонымен, экономикадағы әлеуметтік кәсіпкерліктің рөлі экономикалық айналымға бұрын мұндай сапада пайдаланылмаған ресурстар мен тетіктерді енгізу есебінен жалпы экономикалық тиімділікті арттыру болып табылады (мысалы, меншікті басқару мәдениетінің неғұрлым дамыған деңгейі). Бұл пайдаланылмайтын материалдық және адами ресурстарға, сондай-ақ қолма-қол ресурстардың жаңа комбинациясына қатысты.

2.2 Шетелде әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдау тәжірибесі

Әлеуметтік кәсіпкерлік қызмет ретінде алғаш рет заң жүзінде Италияда пайда болған. Италия «*әлеуметтік кооператив*» жаңа терминін қолданысқа енгізді. Бұл жаңа құқықтық нысан сәтті болып елде ғана емес, сонымен қатар басқа елдерде де дамуына серпін берді. Италия тәжірибесін басқа Еуропа елдері қабылдады. 1995 жылы «*әлеуметтік мақсаттары бар кәсіпорын*» термині Бельгияда, 1998 жылы Португалияда «*бірлескен әлеуметтік кәсіпорын*», ал Грецияда 1999 жылы «*жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер*» термині пайда болды [30].

Бүгінгі таңда әлеуметтік кәсіпкерлік бүкіл әлемде таралған. 2015 жылы *Үлкен жиырмалық «елдерінің көшбасшылары» «инклюзивті бизнес үшін G20 жүйесін»* құрды, ал 2016 жылы «*Инклюзивті бизнес бойынша жаһандық платформа*» (*Global Platform on Inclusive Business*) іске қосылды. Осы бағдарламаға сәйкес *инклюзивті бизнес – бұл жеткізушілер, дистрибьюторлар, бөлшек сатушылар немесе тұтынушылар ретінде кәсіпорындардың негізгі қызметінің құндылық тізбесіне интеграциялау арқылы адамдарға көмектесетін коммерциялық ұйым*. Олар сонымен қатар кең ауқымды әлеуметтік-интеграциялық мақсаттарға қол жеткізе алады және экономикалық, әлеуметтік және экологиялық дамуына ықпал етуге арналған.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту жұмыс істеп тұрған *кәсіпкерлер бірлестіктері* шеңберінде ынталандырылады. *Қоғамдастықтар* – оның ішінде халықаралық қоғамдастықтар ақпаратты, талдамалық материалдар мен есептерді жариялайды. Кәсіпкерлікті қолдаудың кейбір ұйымдары әлеуметтік кәсіпкерлер үшін тәлімгерлік пен коучинг ұсынады. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен өңірлік билік өкілдері бірлестікке қатысқан жағдайда әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі саясат қоғамдастықтардың тікелей қатысуымен қалыптастырылады.

RIPSS (әлеуметтік кәсіпкерлікті ілгерілету жөніндегі құрылқаралық желі) осы процеске 1997 жылдан бастап осы уақытқа дейін қатысады. *RIPSS* бүкіл әлем бойынша әлеуметтік ынтымақтастық экономикасы қоғамдарын біріктіреді.

2000 жылдың қарашасында *SEE* тұрақты конференциясы іске қосылды. Әлеуметтік экономиканың еуропалық обсерваториясы әлеуметтік кәсіпкерлік туралы ақпарат пен балама экономиканың осы

түріне қызығушылық танытатын жеке және мемлекеттік ұйымдар үшін оны талдауға арналған платформа ретінде айқындалады.

REVES (Қалалар мен аймақтардың Еуропалық желісі және әлеуметтік экономика) 2006 жылы құрылды және жергілікті және өңірлік билік пен әлеуметтік экономиканың аумақтық ұйымдары арасындағы әріптестікке негізделген бірегей еуропалық ұйым болып табылады. **REVES** мүшелері – қазіргі уақытта әлеуметтік ынтымақтастық экономикасын көтермелеуге бағытталған саясатты әзірлейтін немесе әзірлеуге дайын жергілікті билік және әлеуметтік экономика ұйымдарын айтамыз

Әлеуметтік кәсіпкерлік жөніндегі халықаралық бастамашылық топ – барлық құрылымдарда плюралистік экономика шеңберінде әлеуметтік ынтымақтастық экономикасын ілгерілететін талдамалық орталық. 10 жылдан астам уақыт бойы бұл халықаралық желі өзін тәжірибемен алмасу үшін кәсіпкерлерді жинайтын, ең алдымен жергілікті бастамаларды іске асыру жолымен тұрақты жобаларды құруға ықпал ететін және саясатқа әсер ететін нағыз сарапшы орталық ретінде көрсете білді.

2012 жылы құрылған **әлеуметтік кәсіпкерлік жөніндегі сараптамалық топ SBI** атаған барлық іс-шараларды әзірлеу, дайындау және жүзеге асыру және әлеуметтік кәсіпкерлік пен әлеуметтік экономиканы одан әрі дамыту мәселелері бойынша комиссияға кеңес береді.

Әлеуметтік кәсіпкерлердің құруымен әлеуметтік-экономикалық пайданы өлшеу жөніндегі **GECES** кіші тобы 2012 жылы құрылды.

CIRIEC (әлеуметтік кәсіпкерлік және әлеуметтік экономика бойынша халықаралық зерттеу және ақпарат орталығы) – бұл желілік нысаны бар үкіметтік емес халықаралық ғылыми ұйым.

2013 жылы халықаралық академиялық және саяси орталарда әлеуметтік кәсіпкерліктің салмағын арттыруға арналған **TFSSE (БҰҰ-ның әлеуметтік ынтымақтастық экономикасы жөніндегі мекемеаралық жұмыс тобы)** құрылды. **TFSI БҰҰ-ның** агенттіктері мен басқа да үкіметаралық ұйымдарды, сондай-ақ әлеуметтік кәсіпкерлер қауымдастықтарының шатырлы қауымдастықтарын мүшелер мен бақылаушылар ретінде біріктіреді.

Ұлыбританияда әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдаудың тәуелсіз қаржы институты – **Big Society Capital (BSC)** жұмыс істейді. Институт инвестициялық қор ретінде де, ең үздік тәжірибелерді тарата-тын, инвесторлар мен кәсіпорындар арасында байланыс орнататын,

әлеуметтік кәсіпкерлікті насихаттайтын даму институты ретінде де жұмыс істейді. Басқа елдер конкурстар мен сыйлықтарды (мысалы, Ұлыбританияда Annual Social Enterprise Awards) ұйымдастыра отырып, әлеуметтік кәсіпкерлікті ілгерілетуде белсенді жұмыс істейді.

Францияда әлеуметтік кәсіпкерлік үшін түрлі қаржы құралдары қалыптасқан, банк несиелері мен несиелерге балама ретінде кепілдіктер, сертификаттар шығарылады.

Еуроодақ әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудағы бірнеше басымдықтарды анықтайды, оларға сәйкес қолдау мынадай бағдарламалары жүзеге асырады:

- қаржыға қол жеткізу. Әлеуметтік кәсіпорындар олардың рөлі мен функцияларын түсінбеуі, сондай-ақ шағын мөлшерге байланысты қаржыландыру іздеуде қиындыққа соғады: көбінесе әлеуметтік кәсіпорындар шағын және орта кәсіпкерлік саласына жатады (шағын кәсіпорындарды қоса алғанда). Еурокомиссия ЕО-ға мүше елдерге 2014 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған шаруашылық қызметтің мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде әлеуметтік кәсіпорындар қызметінің басымдықтарын анықтауды ұсынды;
- тану деңгейінің төмендігі. Еурокомиссия заңнаманы қайта қарау, озық тәжірибе алмасу, ағарту іс-шаралары, сондай-ақ кооперативтер мен өзара көмек қоғамдары мен әлеуметтік кәсіпорындар үшін статистикалық деректерді жинау жөніндегі жобаларды қаржыландырады;
- ЕО-қа мүше елдерде әртүрлі шарттары және олардың қызметімен байланысты әлеуметтік экономика кәсіпорындарының жеке-леген нормативтік-құқықтық нысандары үшін кедергілерді реттеу. Еурокомиссия тиісті шараларды әзірлеу мақсатында мемлекеттік қолдау, мемлекеттік сатып алу немесе құқықтық реттеу саласындағы мәселелерді шешудің неғұрлым оңтайлы тәсілдерін қарастырады;
- кәсіпкерлік дағдыларының болмауы. Әлеуметтік кәсіпорындардың басшылары мен ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер *«Жас кәсіпкерлерге арналған Эразмус»* тәжірибе алмасу бойынша Еурокомиссия бағдарламасына қатысуға жіберіледі. АҚШ-та әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мақсаттылы саясатты іске асырудың мысалдары бар. 2007 жылдың ақпан айында Луизианада дауыл салдарын жою мақсатында *Әлеуметтік кәсіпкерлік істері жөніндегі Басқарма* құрылды.

Техас **Onestar** қоры, штатта ұлттық және жергілікті ерікті бағдарламалар корпорациясының саясатын жүргізетін квазимемлекеттік орган. **Onestar** әлеуметтік секторды дамыту қоры мемлекеттік және жеке қаражаттар негізінде жұмыс істейді, әлеуметтік инновацияны, кәсіпкерлікті және штаттың коммерциялық емес секторына инвестицияларды ынталандыруға ұмтылады.

Солтүстік Каролинада заңнамаға – **әлеуметтік кәсіпорындарға коммерциялық емес және жеке секторлар арасындағы шекараны жоюға мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестік (Low-Profit, Limited Liability Partnership Company – L3C)** жаңа нысан енгізілді. Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуды қолдау мемлекеттік ауқымдағы күн тәртібіне айналды. **College Summit** ұйымының қызметі АҚШ-тағы білім беру жүйесіндегі теңсіздікті жоюға – аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға колледжге түсуге көмек көрсетуге бағытталған. Ұйым 2003 жылдан бастап орта мектептермен жұмыс істей бастады және колледжге түсетін мектеп түлектерінің үлесін 2003/2004 оқу жылында 47%-дан 2005/2006 оқу жылында 67%-ға дейін ұлғайтуға қол жеткізді. Ұйым тек жеке тұлғалардан ғана қаржыландыру алады, алайда ол мемлекеттің қатысуынсыз АҚШ-та табысы төмен отбасылардан шыққан балалардың 2%-дан аспайтын балаларына ғана көмектесе алады.

Луизиандық әлеуметтік кәсіпкерлік істері жөніндегі басқарма – әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау институтының үлгісі, ол әр түрлі секторларда жұмыс істейді және бүкіл штат бойынша қауым алдында тұрған әлеуметтік проблемаларды неғұрлым инновациялық, тиімді және табысты шешу үшін бизнес принциптерін құру, өлшеу және масштабтау үшін қолданады. Коммерциялық емес және жеке ұйымдардың қатысуымен өткен жиналыстарда Луизиана штатының аса өткір әлеуметтік проблемаларының себептері талқыланады. Басқарма әлеуметтік кәсіпкерліктің табысты үлгілерін анықтаумен және ілгерілетумен, әлеуметтік кәсіпкерлер үшін желілерді оқытумен және құрумен, қаржылық және қаржылық емес ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз етумен айналысады. Басқарма сондай-ақ **әлеуметтік инновациялардың мемлекеттік-жеке қорын** ұйымдастырды.

Әлеуметтік кәсіпкерлік істері жөніндегі **луизиан басқармасы** **Әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау және ілгерілету** үшін құрылған алғашқы мемлекеттік мекемелердің бірі болып табылады.

Әлеуметтік инновациялар форумы (Social Innovation Forum) коммерциялық емес секторда жобаларды конкурстық іріктеудің

үлгісі болып табылады, оның шеңберінде тәжірибеде тексерілген әлеуметтік проблемаларды шешу, ресурстарға қол жеткізуге болады. Жыл сайын форум жергілікті қорлармен және корпорациялармен ынтымақтастықта әлеуметтік инноваторларды анықтайды, олар Бостондағы нақты әлеуметтік мәселелерді шешудің перспективалы жолдарын көрсетеді. Ұйым мұндай инноваторларға стратегиялық консалтинг, жеке сектордағы жетекші менеджерлердің, жетекшілерін оқытуды ұсынады, оларды әлеуметтік жобалар инвесторларының жергілікті қауымдастығымен таныстырады. 2003 жылдан бастап 2008 жылға дейін форум 2 млн. үйдегі зорлық-зомбылық, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешетін ұйымдарға еңбек ресурстарын дайындаумен, жастарды дамытумен айналысады.

Вирджиния штатының мемлекеттік, жеке және коммерциялық емес секторларының көшбасшылары кедейлікпен және басқа да маңызды әлеуметтік проблемалармен күресу тәсілі ретінде әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуды жеделдету үшін штат шеңберінде жүзеге асырылатын *«Феникс»* жобасын құрды.

Шағын бизнес істері жөніндегі әкімшіліктің *шағын бизнес инвестициялық компаниясы* – бұл мемлекеттік және жеке қаржыланды-руды біріктіретін және әлеуметтік инновациялардың мемлекеттік жеке меншік қоры сындарлы жұмыс істей алатынын көрсететін қордың үлгісі. Шағын бизнестің инвестициялық компаниясы венчурлік инвестицияларды тарта алмайтын шағын бизнестің қалыптасуының бастапқы кезеңінде инвестициялық капиталдың қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. 2005 жылы шағын бизнесті қаржыландыру аясында 23 млрд., олардың 12 млрд-ы жеке көздерден алынды.

Шағын бизнес істері жөніндегі әкімшілік белгілі бір ұйымдарға бағдарланған қорларды басқару дағдыларына ие инвестициялық компанияларды іріктейді. Осыдан кейін инвестициялау үшін капитал жиналады және фирма инвестицияларды жүзеге асыра отырып және тиімділіктің белгілі бір көрсеткіштеріне қол жеткізудегі нәтижелер туралы есептерді шағын бизнес істері жөніндегі әкімшілікке ұсына отырып, сондай-ақ инвестицияланған капиталға кірісті аударып отырып, оларды басқаруға кіріседі. Қызметі әлеуметтік міндеттерді шешумен де, пайда алумен де байланысты коммерциялық ұйымдардың акционерлік капиталына борыштық инвестициялауды немесе салуды көздейтін әлеуметтік Венчурлік капиталды пайдалану тетігі назар аударуға тұрарлық [30].

Әлеуметтік Венчурлік капитал ұсынатын ең танымал ұйымдар – *Acumen Fund, Good Capital, Investors Circle және The New Schools Venture Fund*. Соңғы уақытта инвестициялық банктер сияқты әрекет ететін өсу акцияларының қорлары әлеуметтік бағдарланған компанияларға белсенді салымшылар болды. Оларға *Growth Philanthropy Network, Nonprofit Finance Fund* жатады.

New Schools Venture Fund білім беру саласында жұмыс істейтін коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарға гранттар пен инвестицияларды ұсынады.

Goldman Sachs бұрынғы басшылары құрған *Capital Partners* және *Sea Change Capital*. Еріктілерді тартуға келетін болсақ, АҚШ-та ұлттық деңгейде жұмыс істейтін ірі ұйымдардың арасында *City Year, Habitat for Humanity* және *ITNAmerica* бөліп көрсетуге болады.

Федералдық үкімет еріктілерді белгілі бір ұйымдарға немесе жобаларға жұмысқа жіберетін барлық бағдарламаларды (мысалы, *americorps and Senior Corps*) басқарады және басқарады. Өз қызметінің нәтижелерін кеңейтуге ұмтылған әлеуметтік кәсіпкерлер еріктілерді тарту мәселесінде Үкімет пен білім беру ұйымдарынан қолдау ала алады.

Кәсіпорынның қолдау бағдарламаларына қатысуы туралы мәселе нақты Елдің заңнамалық базасына байланысты шешіледі. Қолдауды негізінен «*үшінші сектор*» (*КЕҰ – коммерциялық емес бірлестіктер*) алады, өйткені әлеуметтік кәсіпорындарды жалпы кәсіпорындардан бөлу өте қиын. Кең таралған тәжірибе болғандықтан жаңа ұйымдық нысанда еншілес фирмалар құру болып табылады: коммерциялық кәсіпорындар мемлекеттік қолдауға қол жеткізу үшін еншілес КЕҰ құрады, КЕҰ коммерциялық ұйымдардың Жарғысына қайшы келетін қосымша табыс көздерін алу үшін коммерциялық фирмалар құра алады.

Кейбір елдерде әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі ретінде арнайы құрылатын кәсіпорындардың ерекше түрлері бойынша маманданған: мысалы, «*әлеуметтік кооператив*», «*әлеуметтік мақсаттары бар кәсіпорын*», «*бірлескен әлеуметтік кәсіпорын*», «*жауапкершілігі шектеулі әлеуметтік кооперативтер*», «*жауапкершілігі шектеулі төмен табысты серіктестік*» және т.б.

2005 жылы жаңа ұйымдастыру формасы – *CIC (Community Interest Company)* құрылды. Заңды түрде CIC мынадай өлшемдерге сәйкес келуі тиіс: қоғамдық мүдделерді қанағаттандыру, қоғам игілігі үшін

әрекет ету және бұл ретте қайырымдылық ұйым мәртебесінің болмауы. Дегенмен, қайырымдылық ұйым қосымша табыс көзін алу үшін СІС-ті тіркей алады.

Кейбір басқа елдерде қолдау алу критерийлері белгілі бір әлеуметтік топтың (бұрынғы қамаудағылар, ұзақ уақыт бойы жұмыссыз болған адамдар, мүгедектер) проблемаларын шешуге байланысты.

Бельгияда кәсіпорын, егер ол өзінің экономикалық мүдделеріне қарағанда, халықтың нақты топтары үшін пайда алуға көбірек шоғырланған жағдайда, әлеуметтік кәсіпкерлік мәртебесін ала алады.

1995 ж. заң (*Societe à Finalité Sociale – Venture for social Purpose*) мұндай кәсіпорын пайдасының 6%-дан аспайтын тең жалдаушылар мен меншік иелерінің табысы ретінде бөлінуі мүмкін, ал таратылған жағдайда қалған пайда басқа қайырымдылық немесе әлеуметтік ұйымға қайта инвестициялануы тиіс.

Францияда 2002 жылы *«the collective interest cooperative society»* ұйымдық нысаны құрылды, ал 2014 жылы әлеуметтік кәсіпкерлікті анықтаған *«Әлеуметтік және экономикалық өзара жауапкершілік туралы Заң»* қабылданды. Оған қауымдастықтар, өзара қоғамдар, кооперативтер мен қорлар түрінде тарихи қалыптасқан КЕҰ, сондай-ақ әлеуметтік кәсіпкерліктің жаңа нысандары – әлеуметтік маңызды мақсаттарды көздейтін және мынадай өлшемдерге жауап беретін коммерциялық компаниялар кірді: тек қана жарналармен байланысты міндетті емес бірлескен басқарудың болуы (participatory governance); пайданы және оның артығын кәсіпорынды дамытуға және оның негізгі мақсаттарын іске асыруға міндетті түрде бөлу; пайда алу мақсатынан ерекшеленетін әлеуметтік маңызы бар мақсаттың болуы. Қауымдастықтар, кооперативтер, қорлар және өзара көмек қоғамдары (mutual societies) осы шарттарды олардың жарғыларына сәйкес автоматты түрде қанағаттандырады деп болжанады, сондықтан да-юре олар әлеуметтік кәсіпкерлік болып саналады. Коммерциялық кәсіпорын осы мәртебені алу үшін Жарғыға, басқару құрылымына өзгерістер енгізу және өзінің әлеуметтік пайдалылығын дәлелдеу қажет.

Германияда бірыңғай жеңілдік салық ставкасын пайдалану мүмкіндігіне *«gemeinnuetzige aktiengesellschaft» (charitable stock company)* ұйымдық нысанындағы фирмалар келеді.

Италияда әлеуметтік кәсіпкерлікке көптеген фирмалар жатады: *корпорациялар, кооперативтер, КЕҰ (қауымдастықтар мен қорлар)*. Елде әлеуметтік кәсіпкерлікке мынадай өлшемдер қойылады: бұл жеке

занды ресімделген фирма (ЖК емес), ол өзінің кәсіпкерлік қызметінде әлеуметтік проблемаларды шешуге назар аударылады.

Финляндияда әлеуметтік кәсіпкерлік саласының жағдайы ұйымның қызметін жақсартатын халық топтарын тізімге алу арқылы анықталады. 2004 ж әлеуметтік кәсіпорындар туралы Заң ұйымда кемінде 30 қызметкер мүгедек болуы тиіс немесе ұзақ уақыт бойы жұмыссыздар есебінде тұру керек деп белгілейді.

АҚШ-та әлеуметтік кәсіпкерлік *L3C (low-profit limited liability company)* және *B-Corp* нысандарында бар. *L2C* – бұл қайырымдылық немесе білім беру мақсаттарымен стандартты *ЖШҚ (limited liability company)*, пайда алатын және соған қарамастан, қайырымдылық қызмет мақсаттары бар ұйым ретінде салық жеңілдіктерін пайдаланатын ұйым. *B-Corp үшін критерийлер* мынадай: ұйымның мақсаты ретінде Жарғыда жазылған қоғамдық пайда, директорлар мен менеджерлердің акционерлерге есеп беруі, кейіннен сыртқы аудитпен пайда мен шығындар туралы жыл сайынғы есепті беру арқылы көрсетілетін қызметтің ашықтығы сипатталады [30].

Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудың халықаралық тәжірибесін талдау – бұл құбылыстың әлемде кеңінен таралғанын дәлелдейді, алайда өзінің бір мағыналы еместігіне және көптеген тәсілдердің болуына байланысты статистикалық талдауға қиын беріледі.

2.3 Қазақстан Республикасында әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту тәжірибесі

Әлеуметтік кәсіпкерлік бүкіл әлемде танымал болуда. *Әлеуметтік бизнестің мақсаты* – өткір әлеуметтік мәселелерді шешу. Әлеуметтік кәсіпкерлер қайырымдылық пен дәстүрлі бизнестің қиылысында әрекет етеді, әлеуметтік мәселелерді шешеді, қайырымдылық пен филантропияны кеңінен насихаттайды және бизнеске адами келбет береді. Әлеуметтік кәсіпкерлікті қайырымдылықпен жиі шатастырылады. Әрине, оның кейбір элементтері ұқсас. Бірақ, бұл қайырымдылық емес.

Сонымен қатар, бұл қызметтің басты ерекшелігі қарапайым және логикалық: ол міндетті түрде қандай да бір әлеуметтік өзгерістерге әкеп соғады. Егер кәсіпкер белгілі бір кәсіпорынға ақша, білім, ресурстар салып, пайда күтсе, онда әлеуметтік кәсіпкер – бұл әлеуметтік


саладағы мәселені көре алатын және оны кәсіпкерлік жолмен шеше алатын адам. Бұл классикалық түсініктегі қайырымдылық емес. Әлеуметтік мәселелерді шешуде, өзін жүзеге асыру және құндылық жасауға және пайда алуға бағытталған «бизнес жасау» – осы екі нысанды біріктіру кәсіпкердің қайырымдылықтан ерекшелігі [30].

Әлеуметтік кәсіпкер бизнесті дамыту арқылы мәселені шешуге тырысады. Мәселе шешілгенде, тиісінше, кәсіпкерлікті жалғастыру қажеттілігі жоылады. Оның орнына корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік элементтері бар бизнес немесе кәсіпкерлік тәсілсіз әлеуметтік жоба орын алады. Басқаша айтқанда, *әлеуметтік кәсіпкерлік – бұл мақсаты ақша емес, осы әлеуметтік мақсаттарға қол жеткізу құралы болатын әлеуметтік мақсаттар мен коммерциялық құрамдастардың теңгерімі*. Ол бизнесменге тұрақты және тұрақты донорлық кірістерден, яғни мемлекеттік тапсырыстардан тәуелсіз болуға мүмкіндік береді [30].

Әлеуметтік кәсіпкерлік әлеуметтік проблемаларды жеңілдетуге немесе шешуге, әлеуметтік нәтижеге қол жеткізуге бағытталған. Ол кәсіпкерліктен өзінің мақсаттарымен, әлеуметтік өзгерістерге және қоғамның әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталуымен, қайырымдылықтан – қызметтің кәсіпкерлік сипатымен ерекшеленеді. Дегенмен, бұл коммерциялық емес қызмет, өйткені пайда кәсіпорын акционерлері арасында бөлінбейді, қайта инвестицияланады. Ол әлеуметтік қорғалмаған топтардың, жұмыссыздық, қоршаған ортаны қорғау, адам құқығы сияқты, өткір мәселелерді шешуге бағытталады.

Заманауи нысандағы әлеуметтік кәсіпкерлік 1980-ші жылдары пайда болды және қарқынды даму кезеңі 1990-шы жылдарға келеді, олардың негізгі себептері коммерциялық емес ұйымдардың өсуі мен жандануы, көлік пен инфрақұрылымның дамуы, байланыстың жаңа құралдарының пайда болуы.

Зерттеушілер мен энтузиастар әлеуметтік кәсіпкерліктің бейнесі бола алатын тұлғалар қатарына францискандық орденінің негізін қалаушы *Әулие Франциск Ассизский*; кооперативтік қозғалыстың негізін қалаушы *Роберт Оуэн*; Ұлыбританиядағы медбикелер дайындайтын бірінші училищенің негізін қалаушы, медбикелер жұмысының прогрессивті стандарттарын дайындап, олардың кең таралуына ықпал еткен *Флоренс Найтингейл*; *«Сыйға жер»* Үнді қозғалысының негізін қалаушы *Винобу Бхаве* жатады.



Соңғы жылдары әлеуметтік кәсіпкерлік барлық елдерде қарқынды дамып келеді – ЕО-дағы әрбір 11 жаңа кәсіпорын әлеуметтік кәсіпорын болып табылады. Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту саласындағы көшбасшы болып *Ұлыбритания, АҚШ, Италия, Словения, Скандинавия елдері, Корея Республикасы, Малайзия, Үндістан, Бангладеш, Африканың кейбір елдері* саналады.

Азия елдерінде жұмыс істейтін әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы ең танымал ұйым – *Grameen Банкі*. Бұл банкті әлемдегі алғашқы әлеуметтік кәсіпкерлік принциптерін іске асырған адам, Бангладеш кәсіпкері *Мұхаммед Юнус* құрған болатын. Банктің ерекшелігі – ол халықтың ең кедей топтарына несиені (кейбір жағдайларда – қандай да болмасын кепілсіз) береді. Grameen тұжырымдамасы М.Юнустың сеніміне негізделген – нисиеге алынған ақша тауар жасауға жұмсалады, оны сатудан түскен табыстың бір бөлігі несиені өтеуге пайдаланылатын болады. Қазіргі уақытта Grameen bank дүниежүзілік желісі бар (22 елде 50-ден астам серіктес), бұл Азия, Африка елдерінде, екі Америкада және Таяу Шығыста шамамен 11 млн. адамға көмек көрсетуге мүмкіндік берді. Әлемдік Банк практикасына микрокредит беру идеясын енгізуден басқа, Мухаммад Юнус сондай-ақ, халықтың өмір сүру деңгейі төмен топтарын байланыс қызметтерімен қамтамасыз ететін компанияны құрумен белгілі. Сонымен қатар, провинцияда бейнебайланыс арқылы операциялар жүргізу мүмкіндігі бар арзан емдеу мекемелерін салу мүмкіндігі зерттелуде. Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту саласындағы жетістіктері үшін Мухаммад Юнус 2006 жылы Нобель сыйлығына ие болды [29].

Әлеуметтік кәсіпкерлер бүгінгі күні қоғам мен бизнестің белсенді мүшесі болып отыр, олар әлеуметтік мәселелерді шеше отырып, масылдықтан бас тарту мәдениетін қалыптастыра отырып, жұмыс орындарын құра отырып, тәуекелге, бизнесті ашуға және дамытуға дайын. Қазақстанда бұл өте жас құбылыс.

Қазақстанда бизнестің бұл түрі 2014 жылы дами бастады. Қазіргі уақытта елімізде 250-ге жуық әлеуметтік кәсіпкер бар. Бірақ заңнамалық деңгейде әлеуметтік бизнес қорғалмаған. Қазақстандық коммерциялық емес ұйымдар арасында әлеуметтік бизнес мәдениетін енгізу бойынша әрекетті *«Самұрық-Қазына»* әлеуметтік даму қоры бастады. 2019 жылдың маусым айының ортасында Қазақстанда коммерциялық емес ұйымдар арасында әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған *«ӘРЕКЕТ»* жобасы іске асырылды. Жоба еліміздің сегіз аймағында жүзе асады.

Біздің кәсіпкерлер шет елдердің жобалары есебінен табысты жұмыс істеуде. Ресейлік *«Навстречу переменам»* қорының арқасында 12 әлеуметтік кәсіпкер табысты жұмыс істеуде. 5514 Қазақстан азаматтарына көмек көрсетілді. *«Навстречу переменам»* – бұл Reach for Change халықаралық коммерциялық емес ұйымының филиалы, ол 17 елде балалардың өткір проблемаларын шешуге бағытталған инновациялық әлеуметтік және бизнес-жобаларды жүзеге асырады. Қазақстандық әлеуметтік кәсіпкердің әрбір жобасына 700 мыңнан 4 миллион теңгеге дейін инвестиция салынды. Сонымен қатар, әрбір кәсіпкердің дамуына 3-4 млн. теңге көлемінде жеке инвестициялар салынды. Қор өз қызметін 2012 жылдан бастап жүргізеді. Қазақстанда 2013 жылдан бастап жұмыс істейді, 16 әлеуметтік және қаржылық жобаға қаржылық және ресурстық қолдау көрсетілді.

«I-SEED: инновациялар – әлеуметтік кәсіпкерлік және білім» – *British Council* және *«Шеврон»* компаниясының серіктестік жобасы. 2013 жылдан бастап Алматы мен Нұр-Сұлтанда жүзеге асырылып келеді. 2017 жылдан бастап *I-SEED* жобасы Атырау қаласында *«Шеврон»* корпорациясының Атырау қаласындағы жастарды дамыту бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. *I-SEED* жобасы Қазақстандағы әлеуметтік белсенді жастарға қолдау көрсетуге және әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту арқылы әлеуметтік мәселелерді тұрақты шешу үшін жағдай жасауға бағытталған. Жоба белсенді жастар арасында Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлік мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Жобаға қатысушылар 12-25 жас аралығындағы

жастар. Жоба жастарға өмірлік дағдыларды дамытуға және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға көмектеседі [25].

Халықтың әлеуметтік осал топтары (мүмкіндігі шектеулі адамдар, жалғыз басты аналар, балалар үйінің түлектері) арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейі қазіргі таңда өзекті мәселе болып табылады. Әлеуметтік осал топтардан адамдарды жұмысқа орналастыру үшін негізгі кедергілер қажетті білімнің болмауы және жұмыс берушілердің «*қиын*» қызметкерлерді жалдамауы болып табылады. Дәл осы мәселені шешу үшін Қазақстанда 2015 жылы **Green TAL кәсіпорны** – жиһаз, кәдесый және тігін өнімдерін өндіру және IT-қызметтерін көрсету жөніндегі әлеуметтік шеберхана құрылды.



Green TAL мүмкіндігі шектеулі адамдарды оқытады және оларға жұмыс орындарын ұсынады. **Green TAL** әлеуметтік шеберханасының негізін қалаушы, **Эмин Аскеров** – екінші ұрпақтағы әлеуметтік қызметкер, ол біздің қоғамымыздың өзекті мәселелерімен бала кезінен таныс. Сондықтан, әлеуметтік жобаны құру идеясы бұрыннан пайда болды. Эмин адамдарға көмектесіп, табыс әкелетін жоба туралы 2014 жылдан бастап

ойлана бастады. Нарықты зерттеп, Эмин тал шыбығынан жасалған бұйымдарды өндіріру шеберханасын құруды шешті. Алдымен мүмкіндігі шектеулі адамдарды және балалар үйлерінің түлектерін тал шыбығынан өру өнеріне үйрету қажет болды. Арнайы білімі жоқ әлеуметтік кәсіпорынның барлық қызметкерлері алдымен оқудан өтеді, содан кейін шеберлер командасына қосылады. Қызметкерлер үшін үнемі біліктілікті арттыру курстары өткізіледі. Бүгінде шеберханада 42 адам жұмыс істейді. Әлеуметтік шеберхана оларға өз әлеуетін жүзеге асыруға көмектеседі [25, 31].

Көптеген жылдар бойы балалар үйлерінің түлектерін қолдауға арналған мамандандырылған бағдарламаларының жоқтығы, оларды кәсіптік бағдарлау, оқыту және кейіннен жұмысқа орналастыру өзекті мәселе болып қала береді. Балалар үйінің қабырғасынан тыс, туған-туыстарынсыз және тиісті өмірлік дағдыларынсыз қалған түлектер өте ауыр жағдайда, әрі қарай жолды нақты таңдаусыз болады. «**Шаңырақ**» **ӘЖ** негізін қалаушы Геннадий Франк – балалар үйінің түлегі. 2010 жылы Геннадий балалар үйінің аумағында жеке кәсіпкер ретінде

тіркелген алғашқы өндірістік цех ашты. Одан кейін 2013 жылы «Нұр» балалар үйі мен мектеп-интернаттар түлектерінің Батыс Қазақстан «Одағы» қоғамдық бірлестігі, ал 2014 жылы «Шаңырақ» әлеуметтік кәсіпорны құрылды.

«Шаңырақ» қызметі балалар үйлерінің түлектерін қолдауға, жұмыспен қамту мәселелерін шешуге, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметке тартуға бағытталған әлеуметтік кәсіпорын. «Шаңырақ» өз миссиясын балалар үйлері мен мектеп-интернаттар түлектерінің өзін-өзі жүзеге асыруына арналған алаң құруда көреді. Бүгінгі күні әлеуметтік кәсіпорын келесі бағыттар бойынша жұмыс істейді: өндіріс және қызмет көрсету, тәжірибелік оқыту мектебі, жұмысқа орналастыру агенттігі. Осы әлеуметтік кәсіпорын ұста, тігін және дәнекерлеу цехтарында орнатылған өндіріс есебінен, сондай-ақ халыққа клинингтік қызмет көрсету есебінен пайда алады.

Мәселен, тігін цехы балаларға арналған жұмсақ ойын модульдерін өндіреді, арнайы киім, тоқыма, автокөлік салондарын қаптау арналған бұйымдар тігу және т.б. тапсырыстарды қабылдайды. Оның арқасында балалар үйінің 92 түлегі еңбекке бейімделуден өтіп, оның 39-ы кадр агенттігі арқылы жұмысқа орналасты, 38 түлек цехтарда оқудан өтті, 7 түлек жеке кәсіпкер болды және «Шаңырақ» өзінде 13 жұмыс орны құрылды. Геннадий Франк бұл салада үлкен мүмкіндіктер бар деп санайды және ең маңыздысы, әлеуметтік жағынан осал топ проблемаларын шешуге бағытталған рентабельді және бәсекеге қабілетті кәсіпорын құру, бұл табысты және тұрақты болуға ұмтылатын кез келген бизнес пайдаланатын кәсіпкерлік тәсіл [25].

Әлеуметтік кәсіпкерліктің жарқын өкілі – белгілі британдық аспаз және тележүргізуші **Джейми Оливер**. **Джейми Оливер** өз талантын тек тамаша тағамдарды дайындау үшін ғана емес, сонымен қатар «**Fifteen**» мейрамханасында осы өнерді мең-



гергісі келетін адамдарды оқыту үшін де пайдаланады. Бұл мейрамханада есірткі қолданудың маңызды проблемалары бар жастарға арналған сабақтар өткізіледі. Барлық жеңілдіктер басқа адамдарға арнайы көмек көрсету қорына жіберіледі. *Оливер Джейми* Лондон, Амстердам, Корнуолл және Мельбурн қалаларында «*Fifteen*» қайырымдылық мейрамханаларын ашты. 2003 жылдың маусымында ол тамақтануды және дұрыс тамақтануды насихаттауға қосқан үлесі үшін *Британ империясының орденімен* марапатталды. 2013 жылдың қараша айында ол Құрмет шәкіртақысына ие болып, балалар семіздігі мен дұрыс тамақтануын насихаттағаны үшін Корольдік жалпы тәжірибе дәрігерлерінің колледжіне қабылданды.

Мұндай кәсіпкерліктің мысалы ретінде *Иоанн Кронштадт* негізін қалаған *Еңбекқорлық үйін* атауға болады. 2019 жылдың 26 шілдесінде Ресейде «*әлеуметтік кәсіпкерлік*», «*әлеуметтік кәсіпорын*» ұғымдарын бекіту бөлігінде «*Ресей Федерациясында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту туралы*» *Федералдық заңға өзгерістер енгізу туралы № 245-ФЗ Заң* күшіне енді.



Бүгінгі күні Ресейде әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдаумен айналысатын бірнеше ірі ұйымдар бар. Ұзақ уақыт бойы әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдайдың негізгі ұйымдардың бірі болып Вагит Алекперовтың «*Наше будущее*» қоры танылды. Бұл ұйым жыл сайын *Бүкілресейлік әлеуметтік жобалар конкурсын* өткізеді, оның нәтижелері бойынша ұзақ мерзімді пайызсыз қарыздар береді, сондай-ақ ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге бизнес-жоспарды дайындау бойынша қызметтерді ұсынады. Қор жалпы сомасы 150 млн рубльден астам 75 әлеуметтік кәсіпкерге қолдау көрсетті. Ресейде әлеуметтік кәсіпкерлік бойынша жобалар конкурстарын 2011 жылдың желтоқсанында өкілдігі Ресейде ашылған *Reach for Change қайырымдылық қоры* және *Өңіраралық «Жастар жетістіктері» қоғамдық ұйымы* өткізеді [32].

Әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы нақты жобаларды экономиканың әртүрлі салаларын қамтиды. Мысалы, *Анна Владимировна Тихомирова – ресейлік әлеуметтік кәсіпкер*, әлеуметтік кәсіпкерлік саласындағы жобаның, кітап дүкенінің және «*Бампер*» бамперлік кітап клубының негізін қалаушы. Мақсаты – қазіргі заманғы балалар әдебиетін ірі орталықтардан алыс орналасқан ауылдық жерлерде тұратын барлық адамдар үшін қолжетімді ету. 1990 жылдан

бастап ол қоғамдық топтармен, соның ішінде кәметке толмағандармен жұмыс істеді. Зерттеу кезінде ол жасөспірімдер балалық шақта кітап оқу үшін көп уақыт жұмсамайтынын біле отырып, кітап дүкенін ашуды шешті. Ол 20 жыл бойы



Анна Тихомирова *«күрделі»* балалармен жұмыс істеді. 2010 жылдан бастап *«Бампер» Ресейде* 80 000 шақырым және бүкіл әлем бойынша 50 қала жүріп өтті. 1500-ден астам кітаптарды психологтар арнайы ұсынған. *«Бампер»* ерекшелігі – ол әр балаға қажетті кітапты таңдауға көмектеседі. Сіз ол жерде кез келген кітапты оқи аласыз. Сіз *«Бампер»* автобусын мектепке, балабақшаға, кітапханаға және түрлі мәдени үйлерге шақыра аласыз [25].

«Мастерская Черниковых» көпбейінді шеберхана. Мұнда пима жасау, киіз жасау техникасын үйрену, старорустық стильде бас киімдер мен шарфтар өндіреді. Жобаны іске асыру орыс дәстүрлерін жаңғыртуға бағытталған түрлі ағартушылық бағдарламаларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Жобаның тағы бір мақсаты – дұрыс тамақтануды насихаттау. Шеберханада ашытылмаған тұтас дәнді нан пісіріледі, табиғи шырша сусындарын, джем қайнатады.



«Либерти» жобасы. Жоба мүмкіндігі шектеулі адамдарға бағытталған. Ресейлік туристік қызметтер нарығында мүгедектер үшін ұсыныстар жоқ. Бос орын алған компания ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірегей туристік өнімді әзірлеп, жүзеге асырады. Ұсынылатын өнім – арбамен жүретін мүгедектерге арналған экскурсиялық турлар (мүгедектерге арналған көлік, пандустар, мүгедектердің келуі үшін қолжетімді мәдени нысандардың



деректер базасы). Турфирмада арнайы дайындалған персонал жұмыс істейді.

Тәжірибе көрсеткендей, халықтың әлеуметтік осал топтарының өмір сүру деңгейін арттыру мәселелерін шешуде әлеуметтік кәсіпкерліктің рөлі артып келеді. Әлеуметтік кәсіпкерлер әлеуметтік мәселелерді шешу жолымен (мүмкіндігі шектеулі адамдардың проблемаларын шешу, жалғыз басты аналар үшін жұмыс орындарын құру немесе қоршаған ортаның ластануына байланысты проблемаларды) мүмкін немесе жаңа күтпеген ресурстарды іске қосады. Әлеуметтік мәселелер өсуде және әлеуметтік кәсіпкерлер оларды шеше отырып, елдің жалпы экономикалық тиімділігін арттырады, өйткені ол бұрын пайдаланылмаған ресурстарды экономикалық айналымға енгізеді.

2.4 Әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI Кодексіне сәйкес *«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы»* әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға корпоративтік табыс салығын салынбайды келесі жағдайлар орын алса: өтеусіз алынған мүлік және депозиттер бойынша сыйақы түріндегі табыстарға, осындай ұйымдардың (балаларды әлеуметтік қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қызметін жүзеге асыратын ұйымдар) жылдық жиынтық табысының кемінде 90 пайызын құрайтын жағдайда, мүгедектердің орташа саны қызметкерлердің жалпы санының кемінде 51 процентін құрайтын ұйымдардың қарттар мен мүгедектерінің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстары салық кезеңінде мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі ұйымдардың шығыстары еңбекке ақы төлеу жөніндегі жалпы шығыстардың кемінде 51 пайызын (есту, сөйлеу, көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда-кемінде 35 пайызын) құрайды [8, 290-бап, 2,3].

Егер жүзеге асырылған салық кезеңінде, сондай-ақ алдыңғы төрт салық кезеңінде мынадай шарттардың бірі сақталатын болса, тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді (акцизделетін тауарларды өткізу бойынша айналымдардан басқа) өткізу бойынша айналымдар қосылған құн салығынан босатылады:

- мүгедектердің орташа саны жұмыскерлердің жалпы санының кемінде 51 пайызын құрайды.

- мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар еңбекке ақы төлеу жөніндегі жалпы шығыстардың кемінде 51 пайызын (есту, сөйлеу, көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда-35 пайыздан кем емес) құрайды.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған, есту, сөйлеу, көру қабілетінен айырылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдар салық кезеңінде мүгедектердің саны қызметкерлердің жалпы санының кемінде 51 процентін құраса; салық кезеңінде мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар салық кезеңінде мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі жалпы шығыстардың кемінде 51 пайызын (есту, сөйлеу, сондай-ақ көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда-кемінде 35 пайызын) құрайтын мамандан-дырылған ұйымдар әлеуметтік салықтан босатылады.

I, II, III топ мүгедектеріне Салық Кодексіне сәйкес жеке тұлғаның табысы шегінде салық салынуға жататын жеке табыс салығын есептеген кезде республикалық бюджет туралы заңда және қолданыстағы тиісті қаржы жылының басында белгіленген 882 еселенген ең төменгі айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде жеке табыс алынып тасталады.

Салық салу мақсатында әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға белгілі бір критерийлерге сәйкес келетін салық төлеушілер жатады.

Осыған сәйкес салық төлеушілер әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдар ретінде қаралуы мүмкін өлшемдер Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 135-бабына сай айқындалған:

- **қызмет түрі бойынша;**
- **жалдамалы қызметкерлер мүгедек болса.**

Алайда, қызметін әлеуметтік салада жүзеге асыратын ұйымдарға акцизделетін тауарларды өндіру және өткізу жөніндегі қызметтен табыс алатын ұйымдар жатпайды.

«Қызмет түрі» критерийі бойынша әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға төменде көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыратын, олардан түсетін табыстар өтеусіз алынған мүлік және депозиттер бойынша сыйақы түріндегі табыстарды ескере отырып, осындай ұйымдардың жылдық жиынтық табысының кемінде 90 пайызын құрайтын ұйымдар жатады.

Әлеуметтік саладағы қызметке мынадай түрлері жатады:

- косметологиялық, санаторий-курорттық қызметтерді қоспағанда, медициналық қызмет көрсету;

- білім беру қызметін жүргізу құқығына тиісті лицензиялар бойынша жүзеге асырылатын бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, сондай-ақ қосымша білім беру, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бойынша қызметтер көрсету;
- ғылым саласында (ғылыми зерттеулер жүргізу, пайдалану, автордың ғылыми зияткерлік меншігін іске асыру) ғылым және ғылыми-техникалық субъектілер жүзеге асыратын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген уәкілетті органның және ғылым, спорт (коммерциялық сипаттағы басқа спорттық-ойын-сауық іс-шараларды қоспағанда), мәдениет (кәсіпкерлік қызметтен басқа), тарихи-мәдени мұра объектілерін және мәдени құндылықтарды, ҚР заңнамасына сәйкес Мемлекеттік тарихи және мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілген тарихи-мәдени игілік объектілерін (ақпарат тарату мен насихаттауды қоспағанда) сақтау жөнінде қызметтер көрсету, сондай-ақ әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік қамтамасыз ету, балаларды, қарттар мен мүгедектерді қорғау саласында қызмет көрсету;
- кітапханалық қызмет көрсету.

«Жалдамалы мүгедек қызметкерлердің болуы» өлшемі бойынша әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға мынадай шарттарға сәйкес келетін ұйымдар жатады:

- салық кезеңінде мүгедектер саны жұмыскерлердің жалпы санының кемінде 51%-ын құрайды;
- салық кезеңінде мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар еңбекке ақы төлеу жөніндегі жалпы шығыстардың кемінде 51% (есту, сөйлеу, сондай-ақ көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда кемінде 35%) құрайды [33].

Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген негізгі салықтар:

Корпоративтік табыс салығы.

Корпоративтік табыс салығы жылдық жиынтық табыс (рұқсат етілген түзетулерді ескере отырып) пен Салық кодексінде белгіленген жол берілетін шегерімдер арасындағы айырма ретінде айқындалатын салық төлеушілердің салық салынатын табысына салынады.

Әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдар болып табылатын салық төлеушілер бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау кезінде белгілі бір шарттар сақталған жағдайда есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100 пайызға азайтады.

«**Қызмет түрі**» өлшемі бойынша танылған әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдар үшін КТС-дан босату көзделген, егерде:

- тегін алынған мүлік және депозиттер бойынша сыйақы түріндегі табыстарды ескере отырып, негізгі қызметтен түсетін табыс жылдық жиынтық табыстың кемінде 90%-ын құраса;
- алынған табыстарды көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыруға жіберген кезде.

Салық кодексінің 65 баптың 1-тармағына енгізілген өзгерістерге байланысты әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдар корпоративтік табыс салығы бойынша есептілігін 100.00 формасы бойынша құрайды. Бұл ретте Салық кодексінің осы бабының талаптарына сәйкес бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау кезінде салық кодексінің 139-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100 пайызға азайтады.

Сондай-ақ бұл әлеуметтік салада қызмет жасайтын, сонымен қатар пассивті кіріс алатын ұйымдар төлем көзінен 15 процент ставка бойынша салық төлеуге міндетті, олар салықтан босатылмайды.

Қосылған құн салығы.

Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері, сондай-ақ өндірістік ұйымдар сауда-делдалдық қызметтен тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу жөніндегі айналымдардан және акцизделетін тауарларды өндіру мен өткізу жөніндегі айналымдардан басқа, егер мұндай бірлестіктер мен ұйымдар мынадай шарттарға сәйкес келсе, тауарларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді өткізу кезінде қосылған құн салығынан босатылады:

- мүгедектер саны өндірістік ұйымдар қызметкерлерінің жалпы санының кемінде 51 пайызын құрайды;
- мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар еңбекақы төлеу жөніндегі жалпы шығыстардың кемінде 51 пайызын (есту, сөйлеу, көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда – кемінде 35 пайызын) құрайды [8, 248 б., 13 т.].

Салық кодексіне сәйкес мәдениет, ғылым және білім беру саласындағы қызметтер, жұмыстар ҚҚС-нан босатылады, егер келесі қызметтер, жұмыстарға жататын болса:

- мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жүзеге асырылатын мәдениет саласында әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу бойынша;
- мәдениет ұйымдары – театрлар, филармониялар, мұражайлар, кітапханалар, мәдени-демалыс ұйымдары жүзеге асыратын (кәсіпкерлік қызметтен басқа) өткізетін іс-шаралар бойынша;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту; бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, қосымша білім беру; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру саласында қызметтің осы түрлерін жүргізу құқығын растайтын тиісті лицензиялар бар білім беру қызметі бойынша;
- мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарттар негізінде жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарына;
- білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиясы бар білім беру ұйымдарының кітапхана қорын, оның ішінде электрондық түрдегі уақытша пайдалануға беру бойынша;
- тарихи-мәдени игілік объектілерінің тізіліміне немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тарих және мәдениет ескерт-кіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген тарихи-мәдени мұра объектілерін және мәдени құндылықтарды тарату мен насихаттауды қоспағанда, сақтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру.

Әлеуметтік саладағы ҚҚС салудың тағы бір ерекшелігі медициналық және ветеринарлық қызмет көрсетумен байланысты тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) өткізу бойынша айналымдарды босату болып табылады:

- кез келген нысандағы дәрілік заттарды, оның ішінде дәрілік субстанцияларды, сондай-ақ оларды өндіруге арналған материалдар мен жинақтаушыларды өткізу;
- бұйымдарды, сурдотифлотехниканы және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдарды; кез келген нысандағы дәрілік заттарды, оның ішінде дәрілік субстанцияларды, протездік-ортопедиялық бұйымдарды қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдарды және меди-

циналық (ветеринариялық) техниканы өндіруге арналған материалдар мен жинақтауыштарды өткізу;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар денсаулық сақтау субъектісі көрсететін медициналық көмек нысанындағы қызметтерді іске асыру (оның ішінде лицензиялауға жатпайтын медициналық қызметті жүзеге асыру кезінде);
- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымы көрсететін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметтерді іске асыру;
- ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғалар; Қазақстан Республикасының Ветеринария туралы заңнамасында көзделген ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне енгізілген жеке және заңды тұлғалар; Қазақстан Республикасының Ветеринария туралы заңнамасына сәйкес құрылған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың қызметтері.

Жоғарыда көрсетілген тауарлардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Сондай-ақ Салық кодексінің 1-бабы 7) тармақшасына сай келген нысандағы дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника импорты қосылған құн салығынан босатылады:

- Қазақстан Республикасының дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мемлекеттік тізілімінде тіркелген дәрілік заттар;
- денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қорытынды (рұқсат беру құжаты) негізінде Қазақстан Республикасының дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың мемлекеттік тізілімінде тіркелмеген дәрілік заттар;
- мүгедектерге ұсынылатын протездік-ортопедиялық бұйымдар, арнайы жүріп-тұру құралдарын қоса алғанда, ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар мен ветеринариялық техника, сурдотифлотехника;
- кез келген нысандағы дәрілік заттарды, протездік-ортопедиялық бұйымдарды және медициналық (ветеринариялық) техника-

ны қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдарды және медициналық (ветеринариялық) техниканы өндіруге арналған материалдарды, жабдықтар мен жинақтаушыларды дайындау.

Аталған тауарлар тізбесін ҚР Үкіметі бекітеді.

Мысал 1.

ЖШС медициналық қызмет көрсету, сонымен қатар мүлікті жалға беруден табыс алады.

1. Медициналық қызметтер мен жалға беруден түскен табыстарды ескере отырып, жылдық жиынтық табыс 10 000 000 теңгені құрайды.

Медициналық қызметтерден жылдық жиынтық табыс 9 500 000 теңгені құрады, ал жалға беруден алынған табыс 500 000 теңгені құрады. Құрылтайшылар қаржы жылындағы өз пайдасының үлесін алуды шешті.

Алынған табыстарға жалпы негіздеме негізінде салық салынуы тиіс, өйткені қатысушылар арасында таза табысты бөлу Салық кодексінің 135бабының бұзылуына әкеледі.

2. Медициналық қызметтердің жылдық жиынтық табыс көлемі 8 000 000 теңге, ал жалға беруден түскен кіріс көлемі 2 000 000 теңге. Барлық алынған кірістер негізгі қызмет түрін жүзеге асыруға бағытталды.

Алынған табыстарға жалпы негіздеме негізінде салық салынуы тиіс, себебі негізгі қызметтен түскен табыс үлесі жылдық жиынтық табыстың 90% төмен.

Мысал 2.

ЖШС фармацевтикалық компания болып табылады. Қызметкерлердің тізімдік саны 12 адам, соның ішінде мүгедектер саны 7 адам.

Компания құрамында спиртті бар медициналық мақсаттағы өнімді сатумен айналысады.

Салық кодексінің 279 бабына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген құрамында спирт бар медициналық мақсаттағы өнім акцизделетін тауар болып табылады.

Алынған табыстар жалпы негіздеме негізінде салық салуға жатады, әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға акцизделетін тауарларды өндіру және өткізу жөніндегі қызметтен табыс алатын ұйымдар жатпайды.

Қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға арналған әлеуметтік салада танылған **«жалдамалы қызметкерлер»** – мүгедектер критерийіне сәкес болуы ҚҚС босату қарастырылған.

Әлеуметтік салық.

Салық кезеңінде мүгедектердің саны қызметкерлердің жалпы санының кемінде 51 процентін құрайтын, есту, сөйлеу, көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдар және салық кезеңінде мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар еңбекке ақы төлеу жөніндегі жалпы шығыстардың кемінде 51 процентін (есту, сөйлеу, сондай-ақ көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда-кемінде 35 процентін) құрайтын мамандандырылған ұйымдар әлеуметтік салықты 4,5 проценттік ставка бойынша есептейді.

Жер салығы.

Гектар немесе шаршы метрмен көрсетілген жер телімдерінің алаңы **жер салығы бойынша салық базасы** болып табылады, жер телімдерінің санатына байланысты айқындалады.

Жер салығын есептеу кезінде (**«қызмет түрі»** өлшемі бойынша танылған) әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдар тиісті ставкаларға 0,1 коэффициентін қолданады.

Салық кезеңінде мүгедектер саны қызметкерлердің жалпы санының кемінде 51 процентін құрайтын және салық кезеңінде мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар жер салығын есептеу кезінде еңбекақы төлеу жөніндегі жалпы шығыстардың кемінде 51 процентін (есту, сөйлеу, сондай-ақ көру қабілетінен айрылған мүгедектер жұмыс істейтін мамандандырылған ұйымдарда-кемінде 35 процентін) құрайтын заңды тұлғалар тиісті ставкаларға 0 коэффициентін қолданады.

Мүлік салығы.

Мүлікке салынатын салық бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалатын салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны негізінде есептеледі және салық кезеңінің 25 ақпанынан, 25 мамырынан, 25 тамызынан және 25 қарашасынан кешіктірмей жыл ішінде тең үлестермен төленеді.

Мүлік салығы салық салу объектілерінің орташа жылдық құнына 0,1 процент ставка бойынша есептеледі.

Пайдалануға, сенімгерлік басқаруға немесе жалға берілген салық салу объектілері бойынша әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар **«қызмет түрі»** өлшемі бойынша танылған мүлік салығын салық базасына 1,5 процент ставка бойынша есептейді және төлейді.

«Қызмет түрі» критерийі бойынша танылған әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар мүлікті пайдалануға, сенімгерлік басқаруға немесе жалға берген жағдайда, ол бойынша пайдаланғаны, сенімгерлік басқару немесе жалға алу төлемі мемлекеттік бюджетке түсетін болса, мұндай мүлік бойынша салықты есептеу мен төлеуді салық базасына 0,1 процент ставка бойынша жүргізеді.

Көлік құралдарына салық.

Салық Кодексінің 366-бабына арнайы медициналық көлік құралдары салық салу объектілері болып табылмайды.

Әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдар төлейді көлік құралдарына салынатын салықты жалпы негіздеме негізінде есептейді және төлейді.

Мемлекеттік баж.

Салық кодексінің 541-бабының 17-тармағына сәйкес мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері және (немесе) олар құрған, есту, сөйлеу, сондай-ақ көру қабілетінен айырылған мүгедектердің кемінде 35 пайызы жұмыс істейтін ұйымдар – өз мүддесінде талап-арыз берген кезде баж төлеуден босатылады.

Салық кодексінің 542-бабының 10-тармағына сәйкес **«Қазақстан мүгедектерінің ерікті қоғамы», Қазақ саңыраулар қоғамы), Қазақ соқырлар қоғамы,** сондай-ақ олардың өндірістік кәсіпорындары нотариаттық іс-әрекеттер жасаған кезде мемлекеттік баж төлеуден босатылған.

Балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерін, сондай-ақ Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде), олардың филиалдары мен өкілдіктерін, республикалық және өңірлік ұлттық-мәдени қоғамдық бірлестіктердің филиалдарын есептік тіркеу (қайта тіркеу), есептік тіркеуден шығару тіркеу іс-әрекеттерін жасаған кезде алымның жеңілдетілген ставкасы белгіленген.

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру квоталар және ЖК және ШОБ объектілерінде қосымша жұмыс орындарын құру негізінде жүзеге асырылады. Жұмыс берушілер мемлекеттен субсидия алады.

Мүгедектерді жұмысқа орналастырудағы квоталар мен субсидиялар.

Мүгедектерді жергілікті атқарушы органдардың ұйымдастыруымен және кәсіпорын қызметкерлерінің жалпы санына байланысты квота белгіленеді:

- 2% – 50-ден 100 адамға дейін;
- 3% – 100-ден 250 адамға дейін;
- 4% – 251 адамнан астам.

Мүгедектер үшін қосымша жұмыс орындары жеке кәсіпкерлік, шағын және орта бизнес арқылы құрылады. Бұл ретте мемлекет жұмыс берушілерге келесі шарттар негізінде субсидиялар төлейді:

- мүгедектерді кемінде бір жылға жұмысқа орналастыру;
- жалақы мен салықтар бойынша берешектің болмауы;
- мүгедектер үшін арнайы жұмыс орындарын жаратқандыру;
- төлеу мүгедектерге жалақы атқарып отырған лауазымына сәйкес төлеу.

Субсидия алу үшін алдағы жылға өз бюджетінен шыға тұра 1 қарашаға дейін халықты жұмыспен қамту орталығына өтінім беру қажет. Өтініммен бірге ЖШС немесе ЖК тіркеу туралы анықтама және мүгедектерге арналған арнайы орындарды жабдықтау шығындарының сметасы ұсынылады. Субсидиялар жұмыс беруші мен жұмыспен қамту орталығы арасындағы еңбек шартына сәйкес төленеді.

Мүгедек жұмысқа орналасуына байланысты қандай құқықтарға ие болады?

Мүгедекті жұмысқа қабылдау кезінде жұмыс беруші келесіні білуі тиіс:

- еңбек шартында мүгедектің жұмыс орны ерекше жаратқандыру туралы көрсетілуі тиіс;
- I және II топтағы мүгедектер үшін жұмыс уақыты аптасына 36 сағатқа дейін және күніне 7 сағаттан аспауы тиіс (III топтағы мүгедектер үшін уақыт бойынша шектеу жоқ);
- I және II топтағы мүгедектерге жыл сайынғы ақылы қосымша демалыс (кемінде бір апта) тиесілі);
- демалыс және мереке күндеріндегі жұмыс тек қана мамандардың қалауы бойынша, ал түнгі уақыттағы жұмыс – олардың

келісімімен және егер оған денсаулық жағдайы бойынша тыйым салынбаған болса;

- мүгедектер мерзімнен тыс жұмысқа жіберілмейді;
- мүгедектерді іссапарға жіберу тек олардың келісімімен;
- денсаулық жағдайы бойынша кәсіптік міндеттерді орындай алмайтын жағдайларды қоспағанда, мүгедектерді олардың келісімінсіз жұмыстан босатуға немесе басқа жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді;
- штатты қысқарту кезінде мүгедектің жұмыс орнын сақтауға басым құқығы бар.

Мүгедек қызметкерлердің салық төлеуі.

Жеке табыс салығы.

Егер 1 қаңтардан бастап жалақыны есептеу күніне дейінгі кезеңдегі мүгедектің жиынтық жалақысы 75 ЕТЖ – дан (2018 жылы 1 ЕТЖ-28 284 теңге) аспайтын болса, онда жеке меншік нысанына және салық салу жүйесіне қарамастан, мүгедектің жалақысынан ЖТС ұсталынбайды. Егер осы кезеңдегі жалақы 75 ЕТЖ асып кетсе, онда салыққа салық салу жалпы схема бойынша – 10% ставка бойынша жүргізіледі.

Әлеуметтік салық – жеңілдетілген шарт негізінде жұмыс істейтін ЖШС мен ЖК төлемейді, ЖК жалпыға бірдей белгіленген тәртіпте – 1 АЕК (2018 жылы 1 АЕК – 2405 теңге), ЖШС үшін жалпы белгіленген тәртіпте – 9,5% ставка төлейді. Бұдан басқа, тірек-қимыл аппараты бұзылған, есту, сөйлеу және көру қабілетінен айырылған мүгедектер (қызметкерлердің жалпы санының кемінде 51%) жұмыс істейтін арнайы ұйымдар әлеуметтік салық төлемейді. Әлеуметтік аударымдар ставкасы 3,5%.

Міндетті зейнетақы жарналары – егер I және II топтардағы мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, онда ақша аударылмайды, қалған жағдайларда 10% ставка бойынша.

Ауған-жауынгерлері мен чернобыльдықтар қатарындағы қызметкерлердің құқықтары және олардың салықтары.

Ауғаныстандағы жауынгерлік іс-қимылдарға қатысушылар, Чернобыль АЭС-індегі апат салдарын жоюға қатысқандар жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша заң жүзінде Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген, ал болған Ауғанстан соғысы нәтижесінде, Чернобыль апаты зардаптарынан мүгедек болғандар жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша ҰОС мүгедектеріне теңестірілген.

Бұл санаттағы азаматтардың құқықтары:

- жыл сайынғы демалысты оларға қолайлы уақытта, сондай-ақ еңбекақысын сақтамай жылына 2 аптаға дейін қосымша алу;
- жалпы ауру салдарынан қатарынан 4 айға дейін уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша еңбекақының 100% мөлшерінде жәрдемақы алуға;
- Салықтар, мүгедек жәрдемақысы, зейнетақы мүгедектерге қолданылатын тәртіп бойынша жүргізіледі. Қалған салықтар мен аударымдар меншік нысанына және салық салу жүйесіне байланысты.

2.5 Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің даму ерекшеліктері

Қазір қоғамда әйелдер кәсіпкерлігіне негізгі рөл беріледі. Қоғамның жаңа әлеуметтік құрылымы қарқынды қалыптасып келеді, онда ескі топтар өзгеріп, жаңа әлеуметтік топтар пайда болады. Кәсіпкерлердің әлеуметтік тобының шағын бөлігін әйелдер құрайды, бірақ олардың бизнеске қатысу ауқымы ұлғаюда. Бүгін қоғамда кәсіпкер әйел жаңа ойлауды, философияны және өмір салтын, құндылықты ұстанымдарды және моралды ұстанушы тұлға болып табылады.

Әйелдер кәсіпкерлердің әлеуметтік тобының шағын бөлігін құрайды және олардың бизнеске қатысу ауқымы ұлғаюда. Әйел сонымен қатар ер адам сияқты кәсіби қызметті жүзеге асырады, алайда еңбек саласында әйелдің рөлі отбасында, үй шаруасындағы ана рөліне ұқсас [35].

2016 жылы «Қазақстан Республикасындағы әйелдер кәсіпкерлігінің ерекшеліктері» тақырыбында зерттеу жүргізілді. Зерттеу нысаны – Қазақстан Республикасының әйел кәсіпкерлері болған. Сауалнамалық және онлайн-сұрау әдістері қолданылды.

Әйелдер кәсіпкерлігі дамыған елдерде көптеген зерттеулер *«дәстүрлі әйелдер салаларының»* болуын белгілейді, онда әйелдер үй тәжірибесі есебінен өздерін жайлы сезінеді. Қазақстанда әйелдер денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер (83%), білім беру (77%), қонақ үй және мейрамхана бизнесі (75%), қаржы қызметі (66%) сияқты салаларда шоғырланған. Ерлер үлесі құрылыста (81%), ауыл шаруашылығында, аң аулау мен орман шаруашылығында (77%), балық аулау мен балық шаруашылығында (74%), тау-кен өнеркәсібінде (75%),

энергетикада (72%), көлік пен байланыста (67%), өңдеу өнеркәсібінде (64%), мемлекеттік басқаруда (60%) басым.



Әйел адамдар бүкіл халықтың 51,8% құрайды



ЖҮӨ-нің 39% әйел адамдар еңбегінен құралады



Әйел жұмыссыздығының деңгейі-5,3%



42% ШОБ әйел басқарады



ШОБ 30% жұмыс орнын әйелдер қамтамасыз етеді.



Экономикадағы әйелдердің белсенділігі- 66,6%

Әйелдер мен ерлердің тең бөлінбеуі лауазымдық иерархия бойынша байқалады. Мысалы, ерлерге жергілікті мемлекеттік органдардағы бірінші басшылар мен олардың орынбасарлары лауазымдарының 76%-ы келеді. Орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарындағы әйелдердің үлес салмағы 54%-дан астамды құрайды, ал олардың жергілікті органдардағы үлесі 9%-дан және орталық органдарда 11%-дан аспайды

Сауалнама барысында барлық мүмкін болатын салалық тиістіліктің үш нұсқасын көрсету ұсынылды. Сауалнама кәсіпкерлердің көпшілігі (67,1%) өз кәсіпорындарын монопрофильді, респонденттердің 26,7%-ы

екі қызмет саласын және тек 6,2%-ы қызметтің үш саласын көрсетті. Әйелдер белсенді игеретін салалар тобына бөлшек сауда, қоғамдық тамақтану, ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау жатады.

Әйелдер кәсіпкерлігінде қызмет көрсету және сауда саласының басымдығының негізгі себептері:

- әйелдердің алдыңғы тәжірибесі, оның ішінде үй еңбегі, осы салалардағы жұмысқа дағдылар мен білімді қалыптастырады;
- техникалық білімге ие әйелдердің үлесі төмен, сондықтан құрылыс, көлік және өнеркәсіп салаларында кәсіпорындар құру мүмкіндігі де төмен;
- әйелдер үшін «дәстүрлі емес» салалар алғашқы капиталдың үлкен көлемін талап етеді, сондықтан әйелдер үшін қарыз капиталын табу қиын;
- мінез құлқының ерекшеліктеріне байланысты әріптестермен қарым-қатынасты орнатуда «үй» имитациясымен ерекшеленеді.

Батыс тәжірибесін жалпылау барысында әйелдер кәсіпорындарының айналым және жұмыспен қамтылған адам саны бойынша көбінесе шағын кәсіпорындардың санының өсуінің байқаймыз. Біздің мәліметтер бойынша, бұл үрдіс қазақстандық кәсіпкерлікте де орын алып отыр. Мәселен, әйелдер басқаратын барлық шағын бизнес кәсіпорындарының арасында қызметкерлер саны 20 адамға дейінгі кәсіпорындардың үлесі 75,4%-ды, 21-ден 100 адамға дейінгі кәсіпорындар үлесі 18,4%-ды, 100 адамнан астам кәсіпорындар үлесі 6,2%-ды құрайды. Бұл үрдісті әйел кәсіпкерлігінің бірнеше ерекшеліктерімен түсіндіруге болады.

Әйелдер бизнесіндегі кәсіпорындар мөлшерінің ерекшеліктері:

- әйел кәсіпкерлігі көбінесе кәсіпорында қолданылатын технология көп қызметкерлерді талап етпейтін салаларда шоғырланған;
- кәсіпкер әйелдер табыс өсіміне қарағанда жұмыс барасында өз уақытын бақылауға бағдарланған. Жұмыс пен үй арасындағы тепе-теңдікті табу әрекеті кәсіпорын ауқымын кеңейтуді шектейді;
- әйел бизнесінің шағын мөлшері көп жағдайда әйелдер басқаратын кәсіпорындардың «өміршендік кезенінің» бастапқы сатысында орналасуымен анықталады.

Әлеуметтік табыс, «***әйелдер бизнесі***» феноменінің тұрақтылығы әйелдердің кәсіпкерлік саласына қандай ұстаныммен келетініне байланысты: бизнес олардың өмірінің ең негізгі ісі болып табыла ма, немесе амалсыз басталған әрекет. Зерттеулер барасында келесі анықталған:

кәсіпкер әйелдер үш топқа бөлінеді. Бірінші топ өз ісіне сенімді бизнес ханымындарды біріктіреді (30,2%). Олардың таңдауының уәждемесі – кәсіпкер болуға деген ішкі ықыласы, осы қызмет түріне деген қызығушылығы. Олар бизнеске ізгі ниетпен және маңызды мақсатпен келген.




Диаграмма 1. Кәсіпкерлікті таңдау мотивациясы

Бизнес-ханымдардың жартысын (51,2%) құраған екінші және ең көп топ кәсіпкерлерлікке «жағдай бойынша» келген әйелдерді біріктірді. Олар өз шешімін кенеттен, кездейсоқ жағдайлардың әсерінен (кеңес немесе достарының үлгісі бойынша, кенеттен пайда болған қолайлы перспективалар, газет ақпараты және т.б.) қабылдады. Және де, үшінші топ- бизнеске еріксіз келген әйелдерді біріктірді (18,6%). Олар әртүрлі қолайсыз жағдайларға байланысты өз ісін ашуға мәжбүр болды. Олардың таңдауның уәждемесі – нақты жұмыссыздық немесе жұмыссыздық қаупі, өмір сүру қаражатының болмауы, жалақы төлемеу, сондай-ақ сырттан қысым болғандықтан кәсіпті бастаған.

Сондай-ақ, әйелдердің бизнестен күткен әлеуметтік үміттеріне назар аудару қажет. Біріншіден, өзін-өзі белсендіруге байланысты күтулер шығады: тәуелсіздік пен жұмыста дербестікке ұмтылу (61,6%), өзінің кәсіби қабілеттері мен мүмкіндіктерін толық ашу (19,5%), жаңа істе өзін сынап көру (18,9%). Бизнеске келудің беделді ынталандырушылардың да рөлі байқалады: элитарлық қарым-қатынас ортасы, құрметті, заманауи өмір салты, жарқын мансап әрбір үшінші әйелді осы саладағы әкеледі.

Қолда бар мәліметтерге сәйкес, әрбір 6-ші бизнес-ханым қолайсыз қаржылық жағдайлардың әсерінен бизнеске келген. Осыған байланы-

сты экономикалық күйзеліске ұшыраған жұмыссыз жүрген әйелдер бизнес-ханымдар қатарын толықтырудың негізгі көзі болып неге табылмайды деген гипотеза туындайды.

Сауалнама барысында әрбір екінші әйелдің бизнеске келумен байланысты әлеуметтік үміттері толық ақталғаны, әрбір үшінші әйелде – ішінара ғана және өз мақсаттарына жетпеген әйелдердің үлесі өте аз екені анықталды.

Жалпы бизнес-ханымдардың бағалауы бойынша, өзінің жаңа қызметінің бастапқы кезеңінде жаңа әлеуметтік және кәсіби рөлге дайын екендігін белгіледі (толық дайын емес деп тек бір бизнес-ханым мойындады). Әрбір екінші әйел осы қызмет түріне өзінің жоғары дайындығын атап көрсетті.

Бұрын, кәсіпкерлік қызметіне дейін жартысынан астамы (68,2%) жоғары немесе орта арнайы білімі бар қатардағы мамандар болды және тек үштен бірі (31,8%) басшылық қызметтерді атқарды (директор, басқарушы, бас маман және т.б.). **«Қатардағы орындаушылардың»** ұйымдастырушылық қабілеті мен белсенділігі бұрынғы жұмыс орнында лайықты бағаланбаған.

Бүгінгі күні әйелдер бизнесте шебер және табысқа жету үшін жеткілікті қабілетке ие. Қазақстандық кәсіпкер әйелдері үшін бизнестегі табыс мынадай аспектілермен анықталады: әлеуметтік-психологиялық қабілет (55,2%), статустық сипаттамалар (35,4%), елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай (9,4%).




Диаграмма 2. Бизнестегі жетістікті анықтайтын аспектілер

Әлеуметтік-психологиялық, «*адами*» қасиеттер, мысалы, қарым-қатынас, мақсатқа жетудегі табандылық, интеллект, инновацияларға сезімталдық, дипломатиялылық әйелдердің кәсіпкерлік қызметінде басты көмекшілері болып табылады. Кәсіптік білім беру – мысалы, «*алдыңғы жұмыс жылдарымен расталған кәсіби бедел*», отбасылық істермен айналысудың қажетсіздігі, лайықты жас, іскерлік әлемде жолға қойылған байланыстар сияқты статустық сипаттамалардың әсері әлдеқайда әлсіз. Жоғарыда көрсетілгендей, ықпал етудің басымдылығы бойынша үшінші орында елдегі экономикалық және саяси жағдайға байланысты факторлар орын алады. Жағымды факторлардың қатарында тауарлар нарығындағы қолайлы жағдай, мемлекеттік басқару органдарының қолдауы аталды.

Сауалнамаға қатысқандардың пікірінше, әйел кәсіпкерлігінің дамуына кедергі келтіретін ерекше факторларға мыналар жатады: әйелдердің бизнесте қажетті жұмыс тәжірибесінің болмауы (30,5%); бизнеспен айналысу үшін уақыттың жетіспеушілігі, өйткені әйел кәсіпкер өз кәсіпорнында басшылық етуді балаларды тәрбиелеу және үй шаруашылығын жүргізу функцияларымен біріктіруге мәжбүр (21,2%); өз ісін ұйымдастыру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қаражат алу мәселесі, несие және қаржы ресурстарына тең қол жеткізбеу (20,8%); әйелдердің қоғамдағы, саясаттағы, мәдениеттегі мәртебесінің төмен болуы және осыған байланысты шектеулі мүмкіндіктер (16,2%); әйелдердің бизнесте ерлермен тең дәрежеде қатысуына кедергі келтіретін қоғамда қалыптасқан гендерлік стереотиптер (11,3%).



Диаграмма 3. Бизнесте жетістікке кедергі келтіретін аспектілер

Бизнес-ханымдардың өмірлік құндылықтар құрылымында екі фактор басым: ана болу және өзін-өзі көрсету. Балалардың өмірлік жетістігі мен әл-ауқаты әйелдердің өміріндегі басты құндылық болып табылады (28,2%). Сондай жоғары позицияны толық қайтарумен жұмыс істеу, өз қабілетін ашу мүмкіндігі де алады (24,3%). Либералды құндылықтар: еркіндік, өмір сүру тәуелсіздігі бизнес ханымдар өмірінде маңызды (17,5%). Ең жиі айтылатын басқа құндылықтар қатарында: материалдық жеткіліктілік (16,9%), бақытты неке (10,1%), ертеңгі күнге сенімділік (8,3%), саяхат жасау, әлемді өз көзімен көру мүмкіндігі (5,8%). Алайда, нақты өмірде өзінің басты құндылықтарын жүзеге асыра алмайтын әйелдер де жеткілікті.




Диаграмма 4. Кәсіпкер әйелдердің өмірлік құндылықтары

Бизнес-ханымдар – бұл өзін-өзі жүзеге асыру, шығармашылыққа берілу, өзінің табиғаты бойынша жаңашылдыққа деген жоғары қажеттілік, лидерлік құндылықтарға ие әйелдердің ерекше әлеуметтік түрі. Әдетте, әйелдердің мұндай түрі кәсіпкерлікте ғана емес, еңбек қызметінің басқа да салаларында, әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандары бар кәсіпорындарда да сұранысқа ие болып табылады. Еңбек нарығындағы жұмыссыздық – бұл «кәсіпкер сипатындағы» емес әйелдердің әлеуметтік тобын тұзағы.


Бизнес-ханымдарға тән құндылықтар мен қасиеттер қазіргі заманғы әйелдерде, әсіресе өндіріс саласынан қандай да бір себептермен ығыстырылған әйелдерге басым және жаппай болып табылмайды. Жұмысынан айырылған әйелдердің тек аз ғана бөлігі өз ісін ашып,

сол арқылы өзінің жұмыспен қамтылу мәселесін шеше алады. Алайда, уақыт өте келе, кәсіпкерлік белсенділік үшін қажетті әлеуметтік қасиеттер нарық жағдайында өмірге кіретін әйелдердің жаңа буындарында барынша көрініс табатын болады. Мысалы, АҚШ-та әрбір екінші шағын кәсіпорынды, ал Германияда – әрбір үшінші әйел басқарады.

Қазақстанда «Coca-Cola Белестері» жобасын іске асыру тәжірибесі.

«Coca-Cola Белестері» жобасы бизнес-тренингтерге қатысу, қаржылық білім мен дағды алу, пікірлестер мен кураторлар тарапынан кеңес алу, сондай-ақ алғашқы қаржылық қолдауға мүмкіндік беру жолымен бүкіл Қазақстан бойынша әйелдерді бизнеске тартуға бағытталған.

«Coca-Cola Белестері». *Coca-Cola* компаниясының көпжылдық бастамасының бір бөлігі болып табылады, оның шеңберінде 2020 жылға қарай бүкіл әлем бойынша бизнеске 5 млн. әйел тарту жоспарланып отыр.



«The Coca-Cola Foundation» – 30 жыл бойы жергілікті қауымдастықтарды қолдайтын қайырымдылық ұйым. Қордың қаражаты «The Coca-Cola Company» алкогольсіз сусындардың ірі әлемдік өндірушісі қаражаты есебінен қалыптасады.

Жобаның операторы жалпы орта білім беру саласында тәуелсіз сарапшыларды, әлеуметтік бастамаларды қолдау саласында тренингтік

және жобалық қызметті жүзеге асыратын білім берудің құрметті қызметкерлерін біріктіретін «*Әлеуметтік динамика*» қоғамдық қоры болып табылады.

«*Coca-Cola Белестері*» жобасы әйелдердің бизнес негіздері бойынша өңірлік тренингтерге және қатысушылардың қоғамдағы экономикалық дербестігін күшейту үшін, үздік бизнес-идеяға арналған *Coca-Cola*-дан қаржылық қолдау алу мүмкіндігімен республикалық конкурсқа қатысуын көздейтін өсудің өзіндік сатысын білдіреді.

Жоба 2012 жылы Астана мен Алматы қалаларында «*Әлеуметтік динамика*» ҚҚ бастамасымен және «*The Coca-Cola Company*» компаниясының қолдауымен бастау алды. 2013 жылдан бастап жобаға «*Жасыл экономика және G-Global-ды дамыту Коалициясы*» ЗТБ серіктес ретінде қосылды. Тараптардың күш-жігерін біріктіре отырып, жоба Қазақстанның ауылдық аудандарының жұмыспен қамтылмаған әйелдерін оқыту бағдарламасына тарту есебінен кеңейтілуде.

«*Жасыл экономика және G-Global-ды дамыту Коалициясы*» ЗТБ (Коалиция) – Қазақстанның жетекші «жасыл» қоғамдық ұйымдарының бірі және Қазақстанның «жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасының қоғамдық провайдері болып табылады.

Жобаны іске асыру кезеңдері:

- кәсіпкерлік қызмет негіздерін оқыту;
- бизнес-жоспар дайындау;
- ең үздік бизнес-идея конкурсын өткізу;
- өз бизнесін дамытуға қаржылық көмек алу.

Бизнестің таңдалған бағыттары:

Бизнестің таңдалған бағыттарының ішінде ең үлкен үлес салмағын 64%-ды ауыл шаруашылығы, халыққа қызмет көрсету 24%-ды және тауарлар мен қызмет көрсету 14%-ды құрайды.

2015 жылы бағдарламамен Қазақстанның 2 аймағы (Ақмола және Алматы облыстары) қамтылған, онда 2000-ға жуық ауылдық әйелдер оқытылды. Конкурс қорытындысы бойынша өз ісін ашуға 9 грант берілді. Ауылда кооперацияны дамытуға байланысты жобалар қолдау тапты.

2016 жылы бағдарлама Қазақстанның 3 өңірін қамтыды (Ақмола, Алматы және Қарағанды облыстары), онда 2500-ге жуық ауылдық әйел оқытылды. Конкурс қорытындысы бойынша жеке ісін ашуға 10 грант берілді.




Диаграмма 5. Бизнесің таңдалған бағыттары

Еуропалық Қайта Құру және даму банкі (ЕҚДБ) Қазақстанның Ұлттық экономика министрлігінің қолдауымен Шағын және орта бизнесті басқаратын кәсіпкер әйелдер үшін **WECON – Women Entrepreneurship Conference ‘19** конференцияларын өткізеді.

WECON конференциясы – Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған іс-шаралардың инновациялық форматы.

Бизнестегі әйелдер үшін **ЕҚДБ** 92 млн долларға тең сомада жергілікті валютада қаржыландыру тетіктерін ұсынып, 64,6 млн долларға тең сомада бес несие желісін бөлді.

2018 жылы консалтинг, бизнес-коучинг, менторинг және нарықты дамыту бойынша іс-шараларды қамтитын **«Бизнестегі әйелдер»** бағдарламасы бойынша көрсетілетін қаржылық емес қызметтерге 2,7 млн.доллардан астам қаражат бөлініп, игерілді. **WECON** конференциясы тәжірибе алмасу, бизнесті нығайтуға және дамытуға көмектесетін бизнес-құралдар туралы пайдалы ақпарат алу мақсатында ұйымдастырылған.

WECON-дағы іс-шара бағдарламасы жергілікті кәсіпкерлердің жетістіктерінің тарихымен танысуға, ЕҚДБ өкілдерінен бизнес-тренинг кезінде кеңес алуға, сондай-ақ тимбилдинг және нетворкинг сессиялары кезінде конференцияның басқа қатысушыларымен байланысуға мүмкіндік береді.

«Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы Қазақстанда 2015 жылдан бастап жұмыс істейді және бұл бағдарламаны ЕҚДБ мен Қазақстан Республикасының Үкіметі қаржыландырады.

Бағдарламаның мақсаты – қаржылық және консультациялық құралдарға қол жеткізу арқылы Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін ынталандыру және қолдау:

- Консалтингтік және коучинг жобаларға (бизнес-жоспарлау, маркетинг, HR, PR, компьютерлік жүйелерді енгізу, процестерді басқару, сапа менеджменті және тағы басқалар) шығындарын консалтингтік жоба құнының 60% мөлшерінде өтеу (10000 еуродан артық емес).
- Бизнесінің мұқтаждарына БЦК, Шинхан банк, Форте Банк, КМФ және Касса Нова банкілерінен несиені (жаңа кредит немесе ағымдағы несиені қайта қаржыландыру) алу және пайыз мөлшерін «Даму» Қоры арқылы кепілдендіру және субсидиялау мүмкіндігін пайдалану.
- Қазақстан бойынша әйелдер көшбасшылығы, қаржыны басқару, интернет-маркетинг, бизнесті автоматтандыру және шағын/отбасылық бизнесті басқару бойынша тренингтер өткізу.
- Бизнесінің күшті жақтарын және одан әрі даму мүмкіндіктерін анықтау, сондай-ақ компанияның көрсеткіштерін ел бойынша орташа көрсеткіштермен салыстыруға мүмкіндік беретін бизнестің онлайн-диагностикасын өткізу.
- Қатысушылар 9 ай ішінде тегін негізде тәжірибелі ментор, бизнес иесі немесе басшысымен өзара іс-қимыл жасайтын менторлық бағдарламалар өткізу.

ТРЕНИНГ. ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

2.1 Тренинг 1. Жақсы іс кім үшін және неге қажет?

2.2 Тренинг 2. Жобаны жазу ерекшелігі

Бұл тарау қатысушыларға қоғам үшін маңызды және қажетті жобаны әзірлеу және жүзеге асыруға бағытталған. Сабақ барысында біз БҰҰ Мыңжылдық даму мақсаттары, сондай-ақ қазақстандық және шетелдік жетістікті әлеуметтік жобалар мен бизнес туралы білетін боламыз.

Тренинг 1. Жақсы іс кім үшін және неге қажет?

Міндеттер:

- **БҰҰ Мыңжылдық даму мақсаттарымен танысу**
- **Әлеуметтік мәселелердің түбірін және оларды шешу мүмкіндіктерін анықтау**

Тапсырма 1. «Бүкіл әлеммен бірге»

Мақсаты: Мыңжылдық даму мақсаттарының мәнін түсіну

Уақыты: 60 минут

Реквизит: қажеті жоқ

Время проведения: 40 минут

Реквизит: не требуется

Өткізу тәртібі:

➤ Мыңжылдықтың даму мақсаттары (Millennium Development Goals) – бұл БҰҰ-ға мүше болатын 193 мемлекет және 23 халықаралық ұйым 2015 жылға қарай жетуі тиіс сегіз халықаралық даму мақсаттары айқындаған халықаралық ұйым. Мақсаты: кедейшіліктің ауқымын қысқарту, балалар өлімін азайту, ЖИТС сияқты эпидемиялық аурулармен күрес, сондай-ақ дүниежүзілік ынтымақтастықты дамытуды қамтиды:

➤ Тренингке қатысушыларының осы мақсаттарды егжей-тегжейлі түсінуі үшін топты 8 командаға бөлу қажет және әр бір командаға бір мақсаттың қысқаша сипаттамасын беру қажет (қосымша А);

➤ Әр команда 10 минут ішінде мақсат шешуге бағытталған мәселені баяндайтын шағын театр қойылымын дайындау қажет:

- Әр команданың өнер көрсетуі 2-3 мин.
- Барлық сөз сөйлеулер аяқталғаннан кейін әрбір команда мәселенің неден жасалғанын, ал команданың өзі – сипатталған мақсат туралы айту керек.
- Әр команда қойылымды 2-3 мин көрсетеді.
- Барлық қойылымдар аяқталғаннан кейін әрбір команда мәселенің мазмұнын, ал команда – сипатталған мақсат туралы айту керек.
- Әр топ өзара талқылауға түсуі қажет, оның ішінде Қазақстанмен байланысты мақсаттар туралы талқылау. Мысалы: «Елімізде білім алу процесі қалай жүргізіліп жатыр? «Біздің отбасымызда ерлер мен әйелдер арасындағы теңсіздік бар ма?», «Тұрақты экологиялық дамуды қамтамасыз ету үшін елімізде қандай жобалар жүзеге асырылады?» және т.б. [3]

Тапсырма 2 «Түбіріне қара»

Мақсаты: алеуметтік мәселенің түбірін көре білу және оның пайда болу себебін түсіне білу

Өткізу уақыты: 20 минут

Реквизит: sticky notes, флипчарт, қағаз, маркерлер, қағаз скотч

Өткізу тәртібі:

- ***Әр қатысушыға желімделетін қағаздың бірнеше парағы беріледі. Біздің елімізде қазір бар мәселелерді жазып, оларды флипчартқа жабыстыру қажет.***
- ***Барлық проблемаларды жазып алу қажет. Егер мәселе қайталанса, оны атап өту қажет.***
- ***Жұмыс қорытындысы бойынша ең танымал мәселе таңдалады және осы мәселенің себептері анықталады.***
- ***Тренингке қатысушылар: «Бұл мәселені шешу оның түбіріне қалай байланысты болады?». Мысалы: егер мәселе «жұмысқа орналасу қиын» деп аталса, ал «білім сапасының төмендігі» түбірі ретінде аталса, онда ұсыныс «білім сапасын жақсарту» болуы мүмкін. Әрбір ұсыныс егжей-тегжейлі талқылануы керек, мысалы «білім беру сапасын жақсарту» мәселесін көптеген жолдармен шешуге болады: «шетелде білім алған мамандарды тарту», «білім беру процесіне жана әдістемелерді енгізу» және т.б.***
- ***Қатысушылар: «ұсынылған іс-әрекеттердің қайсысын өзіңіз іске асыраласыз, ал қай мәселені шешу үшін сізге мемлекет, бизнесмендер, университеттердің көмегі қажет?» және т.б. сұрақтарға жауап беруі тиіс.***

Тапсырма 3 «Біз қалайтын болашақ»

Мақсат: мәселелердің шешімдерін әзірлеу

Өткізу уақыты: 20 минут

Реквизит: флипчарт, маркерлер, қағаз скотч

Өткізу тәртібі:

- Ватмандарда «Жұмысқа орналастыру», «Білім беру», «Денсаулық» және т.б. мәселелер санатының жазбаларын дайындау.
- Қатысушылар маңызды мәселені таңдау керек.
- 10 минут ішінде әрбір команда осы мәселені шешудің максималды нұсқаларын ұсынуы тиіс. Шешім тек мемлекет, бизнеске ғана емес, сондай-ақ адамдардың өздеріне де байланысты болуы мүмкін.
- Уақыт өткеннен кейін әрбір топ басқа мәселеге ауысып, алдыңғы топтың жазғанына ұсыныс қосуы керек.
- Топ бастаған мәселеге дейін қозғалады.
- Әрбір қатысушы ұсынылған ең үздік бес шешімді таңдайды.
- Бұл шешім санынан 5 үздік шешім таңдалады (мысалы: мәселе – жұмысқа орналастыру, шешім – жас тәлімгерлердің жұмысын ұйымдастыру).

Тапсырма 4. «Кәсіпкерлік түсінігін қарастыру»

Мақсаты: кәсіпкерлік түсінігіне анықтама беру


Өткізу уақыты: 40 минут

Реквизит: маркерлер, флипчарт, қағаз скотч

Өткізу тәртібі:

- Флипчартта «социум» сөзін жазу керек.
- Жанына «кәсіпкерлік» сөзін жазып олардың анықтамаларын жазу керек

Мемлекет




Бизнес

БАҚ

ӨЕҰ

- Осы екі сөздің арасындағы байланысты табыңыз. Мысалы: «Егер қоғамда қандай да бір мәселелер болса, оларды қандай құрылымдар шеше алады».

- Флипчартта шеңбер сызып оны 4 бөлікке бөліңіз (Мемлекет, Бизнес, БАҚ және ӨЕҰ).
- Әрбір қатысушымен шеңбердің әр бөлігіне талдау жасап, қандай анықтама беретінін түсіндіру қажет.
- Қатысушылардың ойынша «әлеуметтік кәсіпкерлік» қай бөлікте орналасуы қажет.
- Шеңберде әлеуметтік кәсіпкерлік қай жерде орналасуы керек.



- **Әлеуметтік кәсіпкерлер** – бұл қоғамдағы өзгерістерді қамтамасыз ететін агенттер, инновацияны құрушылар, үйреншікті статус-квоны сындыратын және әлемді жақсы жаққа ауыстыратын инновациялар.
- Қатысушылар 5 минут ішінде алдыңғы жаттығуда талқыланған және әлеуметтік кәсіпкерлік арқылы шешілуі мүмкін мәселелерге байланысты идеялар немесе мысалдар ойлап табу керек.
- Барлық жауаптарды топпен талқылау және идея «әлеуметтік кәсіпкерлік» анықтамасына нақты сәйкес келетініне көз жеткізу қажет.

Тренинг 2: Жобаларды дайындау

Жалпы уақыты: 120 минут

Міндеттері:

- **жоба тұжырымдамасын құру іскерлігін қалыптастыру**
- **мақсаты мен міндеттерін анықтау біліктерін қалыптастыру**

Тапсырма 1. «Ақылды тауға барады»

Мақсаты: SMART қағидаты бойынша жобаның мақсатын анықтау

Өткізу уақыты: 60 минут

Реквизите: қағаз, маркерлер, таратуға арналған материал, қағаз скотч

Өткізу тәртібі:

➤ Алдыңғы тренингтің 5 жаттығуында бар мәселелердің 5 шешімі таңдалып алынды. Топты 5 командаға бөлу қажет және әрбір командаға алдыңғы тренингтен қандай да бір шешім беріледі.

➤ Әр команда жоба дайындау керек. Ватманда осы жобаның мақсатын 5 минут ішінде нақты сипаттау қажет.

➤ Тренинг қатысушыларымен **«Мақсат дегеніміз не?»** сұрағын талдау қажет. **Мақсат** – ұмтылдыратын, қол жеткізгісі келетін іс әрекетке итермелеуш күш; қабылданатын іс-әрекеттердің мақсаты, мәні; орындалған жұмыс нәтижесінде қандай да бір жобаның қазіргі уақытта қалаған жағдайы. Мақсатқа қол жеткізу үшін, сізге қажетті нәтижеге жету үшін мақсатты қалай қою керек? Мақсат ақылды болуы мүмкін. Бұл нені білдіреді?

➤ SMART принципі туралы айту (2-қосымша). Басқару практикасында мақсатқа сай болуы тиіс SMART – критерийлер бар. SMART-ағылшын сөздерінің алғашқы әріптерімен құрылған аббревиатура:

- нақты (specific);
- өлшенетін (measurable);
- қол жетімді (attainable);
- маңызды (relevant);
- сәйкес (time-bounded).

Тапсырма 2. «Кері қайтару»

Мақсаты: Жобаны кері принцип бойынша жоспарлау

Өткізу уақыты: 60 минут

Реквизит: қажет емес

Өткізу тәртібі:

➤ Әр команданың қатысушылары ыңғайлы орналасып, көзді жауып, алдыңғы жаттығуда талқылаған жоба туралы ойлану керек.

➤ Жоба аяқталған сәтті елестетіңіз. Бұл күн жарық, жылу және жағымды эмоцияларға толы – өйткені ол сіздің барлық күш – жігеріңіздің нәтижесін білдіреді! Қандай нақты күш салынды? Бір күн бұрын оралыңыз және сіз жобаны аяқтау қарсаңындағы күйіңіз (ақыл-есіңіз, жүгіру, уайымдау және қиындықтар есіңізге түседі. Мұны болдырмау үшін не істей аласыз? Команда мүшелері арасында жұмысты қалай бөлдіңіз? Сіз қандай ресурстарды есепке алған жоқсыз, ал қазір оны іздеу кеш пе? Сіз бұл мәселені шешуге уақыт қалдырысыз ба?

➤ Жоба табысты болу үшін жобаның қандай ерекшеліктерін және қандай кезеңде екенің барынша ескеру қажет?

➤ Мақсат қойылған. Іс-қимыл жоспарын қалыптастыру қажет. Тиімді жоспарды жасаудың тамаша жолы – бұл кері жоспарлау. Осы әдісті пайдалану үшін, өз армандарыңызға қайта оралыңыз, осы сәтте тұрыңыз және «есте сақтаңыз». Мақсатқа жету жолында қандай маңызды кезеңдерден өттіңіз, қандай нәтижелерге қол жеткіздіңіз. Мақсатқа жетуден осы уақытқа дейін - кері ретпен есте сақтаңыз. Кері жоспарлау неғұрлым тиімді болуы үшін іс-әрекеттерге емес, аралық нәтижелерге назар аудару қажет

➤ Кері күнтізбелік жоспарлау жұмыстың орындалу мерзімін сақтауға және әрбір тапсырма бойынша оның көлемін нақты анықтауға мүмкіндік береді. Жоспарланған жұмысты құжаттаудың көптеген тиімді әдістері бар (мысалы, «Гант диаграммасы» және т.б.). Қатысушылар оларды өз бетінше зерттеуі керек.

➤ Әрбір команда ватманда уақыт координатын көлденеңінен салып, әр қадамды соңынан бастап ойлауы тиіс. 15-20 минут ішінде графикте міндетті түрде жұмысты орындауға арналған тапсырманы және уақытты көрсетіңіз.

➤ Әр команда өз графигін таныстырады және таңдалған тапсырма мен уақытты түсіндіреді.

ТРЕНИНГ ЖОБАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ

Тренинг 1. Жоба бойынша жұмысқа дайындау

Тренинг 2. Жобаны өткізу

Тренингтің мақсаты-жобаларды ұйымдастыру және өткізуге үйрету.

Бұл тренинг әлеуметтік маңызы бар жобаны дұрыс дайындау және өткізуге бағытталған. Барлық жаттығулар өзара байланысты және қатысушыларды жобаларды іске асыруға дайындауға бағытталған.

Егер жобаға қатысушылар жобаны іске асыру саласын алдын ала таңдаған болса, осы тренингте жұмыс неғұрлым тиімді болады.

Тренинг 1. Жоба бойынша жұмысқа дайындалу

1 тапсырма. Жобалау тізбегі»

Мақсаты: жобаны іске асырудың барлық кезеңдерін игеру

Өткізу уақыты: 120 минут

Реквизит: газета, желім-карандаш, флип-чарт, маркерлер

Өткізу тәртібі:

➤ Топты 3-4 командаға бөлу.
➤ Әр командаға газеттер мен желім-қарындаштарды тең мөлшерде үлестіру.

➤ Ойын туралы айту: «Әрбір бала балалық шағында Жаңа жылда өз қолымен әшекейлер жасаған. Осындай әшекейлердің бірі түрлі-түсті қағаздан жасалған тізбек болды. Сіздің міндетіңіз – ең әдемі, ұқыпты және ұзын тізбекті жасау. Бірақ, жұмысты бастамай бұрын әрбір команда қағаз бен желімнің көлемін ескере отырып, олардың тізбегінде қанша буындар болатынын есептеу қажет.

➤ Командаларға тізбектегі буындардың жоспарланған санын есептеу үшін 2 минут беріміз. Сандарды флипчартқа жазамыз.

➤ Әр командадан 5 минуттан кейін жұмысты тиімді орындайтын бір қатысушыны шақырып алыңыз.

➤ 10 минуттан кейін жұмысты аяқтаңыз.

➤ Нәтижелері салыстырыңыз және талқылаңыз [3].

Талқылауға арналған сұрақтар:

➤ ***Мақсат. Мақсатты қою*** – жобаны іске асырудағы негізгі кезең. Мақсатты түсіну және оның дұрыс тұжырымдалуы сіздің жұмысыңыздың сапасын бағалауға көмектеседі.

➤ ***Ресурстарды бағалау.*** Жобаны жоспарлау кезеңінде қолда бар ресурстарды нақты бағалау өте маңызды: команда мүшелерінің саны, жобаны іске асыру уақыты, жобаны іске асыру құралдары.

➤ ***Жұмыстың оңтайлы бөлінуі.*** Команда жұмысында әр команда мүшесінің жеке ерекшеліктерін ескеру өте маңызды.

➤ ***Жұмыс кезеңдері.*** Жұмыстар нақты бөлінген жағдайда оның барлық кезеңдері сапасын жоғалтпай орындалады және жобаның аяқталуын тездетеді.

➤ ***Тәуекелдерді есепке алу.*** Бірінші типтегі тәуекелдер – сыртқы факторлар. Тәуекелдердің екінші типіне ішкі – олар команда және оның әрбір мүшесінен тәуелді.

➤ ***Мотивация.*** Жеңіске деген уәждеме немесе жақсы іс жасауға деген уәждеме жұмыста өте маңызды. Команда ретінде, сіз жобаны іске асыру барысында бір-бірін қолдап, қиындықтар туындаған кезде бір-біріне көмектесуіңіз керек.

➤ ***Жұмысты орындау барысында және соңында бағалау.*** Мониторинг жобаның кез келген кезеңінде жұмысты бағалауға және түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Соңында бағалау сіз мақсатқа қол жеткізгеніңізді немесе қол жеткізбегендіңізді түсінуге көмектеседі. Бұл өте маңызды кезең.

Тренинг. Жобаны өткізу

1 тапсырма. «Жобаның тұжырымдамасын құру»»

Мақсат: қатысушыларды жоба тұжырымдамасын жасауға үйрету

Өткізу уақыты: 120 минут

Реквизит: флип-чарт, маркерлер

Өткізу тәртібі:

➤ Сіздің жобаңызды түсіндіретін сауатты ресімделген құжатсыз, сіз оны потенциалды демеушілерге немесе серіктестерге жеткізе алмайсыз. Дәл осы үшін әрбір жоба жоспарлаудан басталып, ол туралы негізгі ақпаратты қамтуы тиіс. Алдыңғы жаттығуларда біз SMART принципі бойынша жобаның мақсаты мен міндеттерін және «кері»

жобасын жоспарлау принциптерін сипаттауды үйрендік. Сондай-ақ, біз әлеуметтік жобаны құру себебін – қоғамдағы әлеуметтік мәселені шешу қажеттігін талқыладық

Жоба тұжырымдамасының негізгі құрамдас бөліктерін қарастыру:

➤ ***Жобаның атауы*** – жобаның аталуы оның мәнін көрсету ғана емес, сонымен қатар қандай да бір мәселені қамтуы, сондай-ақ аудитория қызығушылық білдіруі тиіс.

➤ ***Жобаны іске асыру мерзімі*** – жобалардың әртүрлі – қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді болуына қарамастан, олардың басталуы мен аяқталуы мерзімдері нақты белгіленеді. Бұл туралы нақты түсінік болу үшін жобаны жүзеге асыру мерзімін ең басында көрсетіңіз.

➤ ***Жобаны іске асыру орны*** – бұл мерзімдерді анықтау сияқты маңызды. Жобаның қай жерде жүзеге асырылатынын нақты белгілеу қажет – бір немесе бірнеше жерде.

➤ ***Жобаны іске асырудың мақсаты мен міндеттері.*** Егер мақсат жобаны іске асырудың соңғы нүктесі болып табылса, онда міндеттер – бұл сіздің мақсатқа қадамдарыңызды анықтайды және олар анық және өлшенетін болуы керек.

➤ ***Негіздеме*** – бұл осы жобаны неге іске асырғыңыз келетінін түсіндіретін бөлім. Қоғамда бар мәселелерді анықтаған кезде ***«Түбірине қара»*** жаттығуын есіңізге түсіріңіз. Оларды осында сипаттаңыз және осындай жоба неге осы мәселелерді шешуге көмектеседі деп түсіндіріңіз.

➤ ***Жұмыс жоспары*** – бұл жобаны табысты іске асыру үшін сіздің команданыз қабылдайтын әрбір қадамның сипаттамасы. Әрбір қадамды орындау мерзімін және осы кезеңді орындауға жауапты адамды көрсеткен жөн.

➤ ***Бюджет*** – осы жобаны іске асыру үшін қажетті барлық шығындарды есептеу.

➤ ***Жоба индикаторлары*** – «Сіздің жобаңыздың табыстылығын бағалауға не көмектеседі?». Индикаторларды жобаның міндеттеріне негізделе отырып, құру керек. Яғни, сіз жобаны іске асыруға нақты оқу орнының экономика факультетінде оқитын 100 студентті тартқыңыз келетінін көрсеттіңіз, онда индикатор осы факультеттің студенттерінің саны болып табылады және т.б.

➤ Әрбір команда кіші топтарға бөлініп, тұжырымдаманың барлық тармақтары бойынша жауап беруі тиіс.

Тапсырма 2. «Ақша есепті жақсы көреді»

Мақсаты: қатысушыларды жоба бюджетін жасауға үйрету

Өткізу уақыты: 20 минут

Реквизит: флип-чарт, маркерлер

Өткізу тәртібі:

➤ Көптеген адамдар ақша – бұл жобаны іске асыру кезіндегі негізгі ресурс деп ойлайды. Алайда, кейде тірі ақша қажет емес, тек өз тауарларымен немесе қызметтерімен шығындарды өтейтін демеушіні немесе серіктесті табу жеткілікті. Бірақ нақты қандай шығындар қажет екенін түсіну үшін бюджетті жасау қажет.

Атауы	Өлшем бірлігі	Бірлік саны	Құны, теңге	Сомасы, теңге
Карандаш	Бірлік	30	20	600
Фотосъемка	Қызмет/ сағат	2	5000	10000

Топтарда қатысушылар олардың жобалары бойынша барлық шығындардың пункттерін ойластыруы тиіс.

Тапсырма 3. «Жоба бойынша есеп»

Мақсаты: жоба бойынша қорытынды есеп дайындауды үйрету

Өткізу уақыты: 60 минут

Реквизит: флип-чарт, маркері

Өткізу тәртібі:

➤ **Жобаның аяқталуы – өте маңызды кезең.** Осы кезеңде сіз өткен барлық кезеңдер және сіз қол жеткізген нәтижелер туралы айту өте маңызды. Сіздің жобаңыз қалай өткені туралы айта аласыз: мақсатқа және барлық қойылған міндеттерге қол жеткізу мүмкін болды ма. Жобада қандай қауіп – қатерлерді ескердіңіз, ал қандай шешімдер сәтсіз болды?

➤ Әрбір команда презентация дайындауы керек. Презентацияда келесі сұрақтарға жауап беру керек. Жоба не үшін қажет? Сіз мұны қалай жасадыңыз? Сіз қанша ресурстарды пайдаландыңыз? (Дайындық 15 минут)

➤ Әр команданың презентациясын талқылау және қорытынды жасау.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Әлеуметтік мәселелерді жұмсартуға немесе шешуге, әлеуметтік әсерге қол жеткізуге бағытталған кәсіпкерлік қызмет

- a) әлеуметтік кәсіпкерлік
- b) инновациялық кәсіпкерлік
- c) инвестициялық кәсіпкерлік
- d) жастар кәсіпкерлігі
- e) барлық жауаптар дұрыс

2. Азаматтардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың табыс алуға бағытталған, азаматтардың өздерінің меншігіне немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігіне негізделген және азаматтардың немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалардың атынан олардың тәуекелі мен мүліктік жауапкершілігі негізінде жүзеге асырылатын бастамашылық қызметі –

- a) инновациялық қызмет
- b) инвестициялық қызмет
- c) кәсіпкерлік қызмет
- d) маркетингтік қызмет
- e) барлық жауаптар дұрыс

3. Ұйымның миссиясы, қызметтің мақсаттары мен міндеттері, МТБ, өндірістік процестерді орындау технологиясы, құрылымы, құрамы және қызметкерлердің өзара қарым-қатынасы –

- a) ішкі орта элементтері
- b) сыртқы ортаның элементтері
- c) кәсіпкерлік субъектілері
- d) кәсіпкерлік объектілері
- e) дұрыс жауап жоқ

4. Ел экономикасы деңгейіндегі кәсіпкерлік ахуалды айқындайтын өзара байланысты жағдайлар мен ережелер кешені. Бұл географиялық, құқықтық, экономикалық, саяси, әлеуметтік және технологиялық жағдайлар –

- a) медиасреда
- b) макроорта
- c) микроорта

- d) дұрыс жауап жоқ
- e) кәсіпкерлік оюъектілері

5. Жеке кәсіпкерлер, олардың бірлестіктері мен қауымдастықтары; тауардың жеке және ұжымдық тұтынушылары, сондай-ақ тұтынушылар қауымдастықтары мен одақтары; келісім-шарт немесе өзге де негізде жұмыс істейтін жалдамалы қызметкерлер, олардың кәсіптік одақтары мен федерациялары; мәмілелердің тікелей қатысушылары болып табылатын мемлекеттік және муниципалдық органдар

- a) кәсіпкерлік субъектілері
- b) кәсіпкерлік объектілері
- c) медиаорта
- d) макроорта
- e) микроорта

6. Тиімді кәсіпкерлік қағидаттарына жатпайды

- a) экономикалық дербестік және тәуелсіздік
- b) іс-әрекет жоспары
- c) тәуекелдің жіберілетін деңгейінің
- d) іс-әрекеттің инновациялық сипаты
- e) нұсқаулылық

7. Инновациялық қызметті дамыту мен ынталандыруға бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі – бұл ...

- a) мемлекеттік инновациялық саясат
- b) инновациялық бағдарлама
- c) инновациялық жоба
- d) инновациялық инфрақұрылым

8. Инновациялық процестерді қамтамасыз ететін институттар жиынтығы – бұл...

- a) ұлттық инновациялық жүйе
- b) ұлттық инновациялық бағдарлама
- c) ұлттық инновациялық жоба
- d) ұлттық инновациялық инфрақұрылым
- e) барлық жауаптар дұрыс

9. Жеңілдікті кәсіпкерлік, ұзақ мерзімді іскерлік ынтымақтастық нысаны, оның барысында ірі компания жеке кәсіпкерге немесе

кәсіпкерлер тобына шартта белгіленген мерзімге және шарттарда шектеулі аумақта осы компанияның сауда маркасымен өнім өндіруге, сатуға немесе қызмет көрсетуге лицензия беру –

- a) франчайзинг
- b) факторинг
- c) жалға алу
- d) лизинг
- e) барлық жауаптар дұрыс

10. Әлеуметтік жауапкершілік туралы философиялық идея, оған сәйкес кәсіпкерліктің басты мақсаты – пайданы барынша көбейту және іскерлік ұйымның мүдделерін ескеру. Әлеуметтік жауапкершілік қоғам үшін ең төмен баға бойынша тауарлар мен қызметтерді өндіруді мақсат ретінде анықтайды ...

- a) мүдделі тұлғалардың философиясы
- b) дәстүрлі философия
- c) дискрециондық жауапкершілік
- e) барлық жауаптар дұрыс

11. Фирманың әлеуметтік әрекеттерін бағалау тәсілі келесі элементтерді қамтиды:

- a) кез келген әлеуметтік әрекеттер уақытша шаралар немесе туындаған мәселеге кеш реакция болмауы тиіс. Жыл сайын әлеуметтік іс-шаралар жоспары белгіленуге тиіс
- b) өнеркәсіптегі әлеуметтік мінез-құлықтың маңызды нормалары, яғни басқа компаниялардың әлеуметтік іс-шаралары қарастырылады
- c) тұрақты есептер арқылы фирманың әлеуметтік іс-әрекеттері туралы барлық мүдделі тұлғаларды үнемі хабардар ету
- d) әр түрлі амалдармен эксперимент жасау, фирманың әлеуметтік іс-әрекеттерге арналған шығындарын есептеу
- e) барлық жауаптар дұрыс

12. Кәсіпкерлік қызметтің мүдделері (Шумпетер бойынша):

- a) үстемдікке, билікке, ықпалға деген қажеттілік; жеңіске деген ерік, қарсыластармен және өзімен күресте қол жеткізілетін табысқа ұмтылу;
- b) табыс = кәсіпқойлық + парасаттылық

- c) билікті құрметте, адал және шыншыл бол, жеке меншік құқығын құрметте, адамды құрметте, өз сөзіңізге адал бол, мақсатқа ұмтылған болсын қаражатпен өмір сүре
- d) адамның белгілі бір бостандықтарымен басқа адамдардың бостандықтармен үйлесімді екенін бекітетін еркіндік принципі
- e) барлық жауаптар дұрыс

13. Негізгі этикалық тәсілдер:

- a) әлеуметтік, әділеттілік
- b) мүдделі адамдар философиясы
- c) дәстүрлі философия
- d) адамгершілік-құқықтық, әлеуметтік әділдік
- e) барлық жауаптар дұрыс

